

ҚЫТАЙ КЕДЕЙШІЛІКТІ ҚАЛАЙ ЖЕҢДІ?

7-БЕТ | ШАРТАРАП



МАМАНДЫҚТЫҢ ҮЛКЕН-КІШІСІ ЖОҚ

8-БЕТ | ҚОҒАМ



АСПАН АСТЫНДА – КІТАПХАНА

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫ:

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – БҰЛ БІЗДІҢ МЕМЛЕКЕТІМІЗДІҢ, ЕГЕМЕНДІГІМІЗДІҢ БЕРІК НЕГІЗІНІҢ БІРІ. ОЛАР ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚАСИЕТТІ БІРІКТІРУШІ ОБРАЗЫН БІЛДІРЕДІ.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

№64 (4188)
Бейсенбі
3 маусым
2021 жыл

Nur-Sultan

# ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ELORDA AQPARAT



# МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ

Биыл – тәу етер Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында атап өткендей, азаттықтың алғашқы онжылдығы жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі болды. Сол кезеңде егемен ел екенімізді айшықтайтын нышандар қабылданды. 1992 жылдың 4 маусымында Жоғарғы Кеңес отырысында Мемлекеттік рәміздер бекітілді. Ертең Мемлекеттік Туымыз, Елтаңбамыз бен алғашқы Әнұранымыздың қабылданғанына 29 жыл толады.

4

ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



## ОТБАСЫЛЫҚ МАРАФОНҒА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

**Нұр-Сұлтан қаласында «Денсаулық – зор байлық» отбасылық марафоны басталды. Марафон қорытындысында 20 жеңімпаз отбасының әрқайсысына 50 000 теңгеден спорт тауарларын сатып алуға сертификат табысталады.**

Марафон шарттары бойынша картада жүгіру бағытын көрсететін Strava қосымшасына тіркеліп, өтініш беру қажет. Отбасылық жүгіру қашықтығы күніне кемінде 1 км болу керек. Жүгіруге ерлі-зайыптылардың екеуі де 21 күн бойы қатысады (ерлі-зайыптылардың нәтижесі ғана есептеледі). Күн сайын: фотоесеп (1 фотосурет) пен жүріп өткен жол мен жаттығу бағытын көрсететін қосымшадан сілтемені @elorda.otbasy және @ns_jastary аккаунттарын белгілей отырып, Instagram желісінде сторисke салуы (15 секунд - 1 минут) тиіс.

Өтініш беру үшін некені тіркеу туралы куәлік көшірмесі мен байланыс ақпараттары 1-15 маусым аралығында қабылданады.



«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР



## ЖАНСАЯНЫҢ ЖЕҢІСІ

**21 жастағы қазақстандық шахматшы Гибралтарда өткен FIDE Women's Grand Prix (FIDE әйелдер гран-при сериясының соңғы кезеңі) шахмат турнирінде жеңіске жетті.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандық шахматшы Жансая Әбдімәлікті FIDE Women's Grand Prix турниріндегі жеңісімен құттықтады. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли жазды: «Мемлекет басшысы Жансая Әбдімәлікті ФИДЕ гран-приіндегі тамаша жеңісімен құттықтады. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл жеңістің баршамыз үшін зор мақтаныш екенін айтты. Жансая – ерлер арасындағы гроссмейстер атағына қол жеткізген тұңғыш қазақстандық шахматшы қыз. Оның жетістігі елімізде осы спорттың дамуына тың серпін берері сөзсіз» деп жазды.

## БИЫЛ 115 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Instagram парақшасында қала тұрғындарының өмір сүру жайлылығын арттыру үшін жолдарды салып, жөндеу маңызды екенін атап айтты. Елордадағы климаттық жағдайға байланысты абаттандыру және жол салу, жөндеу жұмыстарын жүргізу маусымы қысқа.

2-БЕТ



№64 (4188) 03/06/2021 Бейсенбі

## ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Жоғарғы сот төрағасы Жақып Асановты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады. Президентке сот жүйесін реформалау барысы туралы ақпарат берілді. Жақып Асанов Президентке «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға биыл енгізілген өзгертулердің құқықтық және әлеуметтік әсері жайында баяндады. Жоғарғы сот төрағасы жаңа Азаматтық процессуалдық және Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодекстердің еліміздегі инвестициялық ахуал мен бизнестің дамуына оң ықпал ететінін атап өтті. Оның айтуынша, енгізілген түзетулер тұрақты әрі бірыңғай сот тәжірибесін қамтамасыз етеді. Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев дербес сот төрелігінің тиімді тетіктерін енгізуді, оның ішінде, шетелдік озық тәжірибелерді пайдалана отырып қамтамасыз етудің маңызды екенін айтты.

## ПАРЛАМЕНТ

Мәжіліс депутаттары жалпы отырыста «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы I оқылымда мақұлданды. Жерді пайдалану мен қорғауды бақылау заң деңгейінде күшейтінін алға тартқан спикер Нұрлан Нығматулин: «Бұл құжат Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тікелей тапсырмасымен әзірленді. Осы заң жобасы бойынша, ең алдымен, халқымыздың назарында жүрген өте маңызды жер мәселесі бойынша нақты шешім қабылданды. Ең бастысы, ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді жалға беру заңмен бекітілді. Осы мәселеге қатысты қоғамда әртүрлі пікірлер, әртүрлі ойлар айтылды» деді. Жалпы, заң жобасында жерді жеке меншікке беру 5 жылға тоқтатылады. Мәжіліс төрағасы атап өткендей, қазақстандықтардың ауыл шаруашылық бағытталған жерлерін мемлекеттен сатып алмай, жалға беру құқығын иеліктен шығаруы мүмкіндігі қарастырылған. Осы ретте, палата спикері жалпы заң жобасы жеке мал жаю үшін қажетті жайылым тапшылығын шешуге ықпал етіп, сондай-ақ жер учаскелері бойынша ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы да күшейетінін атап өтті.

## ҮКІМЕТ

Асқар Мамин «Exxon Mobil» компаниясының аға вице-президенті Нил Чапманмен кездесу өткізді. Тараптар көмірсутегі шикізатын барлау, өндіру және тасымалдау салаларындағы бірлескен инвестициялық жобаларды – ТШО-ның болашақ кеңейту жобасы мен Сағалық қысымды басқару жобасын іске асыру, Солтүстік Каспий жобасын дамыту және «Каспий Құбыр Консорциумы» мұнай құбырын жаңғырту мәселелерін талқылады. Қашаған кен орнын одан әрі игеру келешегіне ерекше назар аударылды. 2020 жылы мұнда 15,1 млн тонна мұнай өндірілді, бұл 2019 жылғы көрсеткіштен 7,1%-ға артық. 2021 жылы 15,15 млн тонна мұнай өндіру жоспарланған. Мұнай-газ химиясы саласындағы – полиэтилен және жоғары қайта өңделген басқа да өнімдер өндіру саласындағы бірлескен жобаларды дамыту перспективалары талқыланды. Үкімет басшысы Қазақстанда мұнай-газ химиясы өндірістерінің жобаларын іске асыру кезінде «Exxon Mobil» тәжірибесін зерделеу үшін жұмыс тобын құруды тапсырды. А.Мамин ҚР аумағында «Exxon Mobil» бірегей жабдығының өндірісін жергіліктендірудің, компанияның сатып алуларындағы қазақстандық қамту үлесін арттырудың, заманауи экологиялық таза технологияларды қолданудың, денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі саласында жоғары стандарттарды сақтаудың, сондай-ақ Қазақстанда әлеуметтік жобаларды іске асырудың маңыздылығын атап өтті. «Exxon Mobil» – ҚР ірі инвесторларының бірі. 1993 жылдан бастап компания Қазақстан экономикасына $26 млрд астам инвестиция салды.

# ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ЖҰМЫЛДЫРҒАН ЖӨН

**Елбасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Марат Ахметжановты қабылдады. Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша ауқымды іс атқарылғанын айтты.**



«Біз тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап жемқорлыққа қарсы күрес саласында жұмыс істеп келеміз. Дегенмен әлі де атқарылатын шаруа аз емес. Бұл процеске қоғамды жұмылдырған жөн. Осы бағытта әлемдік тәжірибе жеткілікті, соны зерттеуді және қолданысқа енгізуді жалғастыру керек» деді Тұңғыш Президент. Кездесуде М.Ахметжанов Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жемқорлық қатерлерін талдау және алдын алу, сыбайлас жемқорлық саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту шаралары туралы айтты. Сондай-ақ агенттік қызметінің тиімділігін одан әрі арттыру жоспарын баяндады. Агенттік төрағасының мәліметі бойынша, соңғы 5 жылда Қазақстанның Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексіндегі позициясы жақсарып, 122-ші орыннан 94-ші орынға ауысты. Елбасы сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Алик Айдарбаевты және «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевты қабылдады.

# БАСПАНА ЖАЛҒА БЕРІЛЕДІ

**Нұр-Сұлтан қаласының Тұрғын үй қоры «Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары» санаты үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйге құжаттарды қабылдау басталғанын хабарлады.**

Пәтерлердің жалпы саны – 100, оның ішінде 30 пәтер «Жетім балалар» санатына арналған. Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй «Пригородный» тұрғын алабында, Сарытоғай көшесінде орналасқан. Ай сайынғы жалдау ақысы – 5 000-нан 15 000 теңгеге дейін. Құжаттар 2021 жылдың 1-8 маусым аралығында қабылданады. Өтініштер электронды түрде көрсетілген кезеңде qatysu.zhilfond.kz порталы арқылы қабылданады. Жобаның шарты бойынша «Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары» санатына жататын өтініш беруші Нұр-Сұлтан қаласында тұрғын үй кезегінде тұруы керек.

Өтініштерді қарастыру нәтижелері туралы ақпарат zhilfond.kz және zhil-astana.kz сайттарында және тұрғын үй орталығының әлеуметтік желілерінде жарияланады.



# ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

**Қазақстан Президенті Өзбекстанның Премьер-министрі Абдулла Ариповты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев заманауи сын-қатерлер кезінде тұрақтылықтың жоғары деңгейін көрсеткен екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі ахуалына оң бағасын берді.**

«Екі мемлекет арасындағы ынтымақтастық менің Өзбекстанға жасаған сапарым кезінде құрметті әріптесім Шавкат Миромонұлы Мирзиёевпен келіссөздер барысында қол жеткізілген уағдаластықтарға сәйкес жоғары деңгейде әрі табысты дамып келеді. Біз бауырлас Өзбекстанмен ықпалдастықты дамытуға баса мән береміз. Өйткені мұны Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтаудың маңызды фактор деп санаймыз. Екі ел арасындағы ынтымақтастықты әртүрлі бағытта, ең бастысы, мазмұндық тұрғыдан ілгерілететін бірлескен бірқатар жобалардың бар екенін атап өткім келеді» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы бүгінде Өзбекстанның көптеген салалар бойынша табысты дамып, онда жоспарлы түрде үлкен реформалардың жүргізіліп жатқанын мәлім етті. Президенттің сөзінше, қазақстандықтар стратегиялық әріптесіміз әрі одақтасымыз Өзбекстанның жетістіктеріне шын ниетімен қуанады.

Абдулла Арипов өз кезегінде кездесуге мүмкіндік туғызғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевтің жүрекжарды сәлемі мен ізгі ниетін жеткізді. «Шавкат Миромонұлы мен Сіздің, Қасым-Жомарт Кемелұлы тұрақты әрі өзара сенімге негізделген қарым-қатынастарыңыздың арқасында көпжақты қазақ-өзбек ынтымақтастығының оң қарқыны сәтті қалыптасты. Алдағы жылдары өзара сауда-саттық көлемін 10 миллиард долларға жеткізу міндетін жүктедіңіздер. Екі ел үкіметтері осы межеге нақты қол жеткізуді көздейді» деді Абдулла Арипов.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті Өзбекстанның Премьер-министрі Абдулла Ариповті қазақ-өзбек байланыстарын дамытуға және достық арқауын нығайтуға қосқан үлесі үшін II дәрежелі Достық орденімен марапаттады.

# БІРЛЕСКЕН ҚАБЫЛДАУ

**Елорда әкімі Алтай Көлгінов пен Қаржы мониторингі агенттігі жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы Сәлімбай Шунеев азаматтарды қабылдады.**

Қала тұрғындарының мәселелерін жүйелі түрде шешу үшін елорда әкімдігі тұрақты түрде азаматтарды қабылдайды. Бірлескен қабылдау кезінде елорданың 15 тұрғыны қабылданып, 30-дан аса проблема талқыланды.

Негізгі мәселелерге: тұрғын үй бағдарламаларына қатысу, білім алу, медициналық көмек, әлеуметтік көмек, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, сондай-ақ қаржылық проблемалар жатады. Қабылдау кезінде азаматтар елорданы одан әрі дамытуға қатысты өз идеялары мен ұсыныстарын бөлісті. Барлық түскен сұрақтар ерекше бақылауға алынды.

Қала тұрғындары «Жанұя» (Бейбітшілік көшесі,14), тұрғын үй саласында қызмет көрсететін бірыңғай Орталық (Республика даңғылы, 32), iQala (Қошқарбаев, 29) сияқты әлеуметтік орталықтардан көмек пен кеңес ала алады.



# БИЫЛ 115 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Дегенмен қолайлы жағдай туындағаннан кейін қалада жолдарды жөндеу және аудандарды абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізу басталды. «Биыл 115 көшені салып, жөндейміз. Өткен жылдардай қаланың ескі бөлігі мен елді мекендерге баса назар аударамыз. Жұмыстар қаланың барлық аудандарында жүргізіліп жатыр. Бүгін Бектұров көшесінің Е67 көшесінен Е22 көшесіне дейінгі (Есіл ауданы) учаскесіндегі құрылыс жұмыстарының барысымен таныстым. Бұл – салынып жатқан жаңа аудандардың бірі. Жол құрылысы бірден бірнеше көппәтерлі тұрғын үй кешендерінің тұрғындарына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Мердігерге жұмыс қарқынын бәсеңдетпеуді тапсырдым. Сапасыз жөнделген не салынған жолдарды қабылдамаймыз. Мердігер өз есебінен қалпына келтіреді, бұдан басқа, жұмысқа немқұрайлы қарайтын компаниялармен келісімшарттарды тоқтатамыз. Өткен жылы 170-тен астам көше жөнделді. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізу саласында 4 мыңнан астам жұмыс орны құрылды» деп жазды қала әкімі.

## ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ



### ЫСТАМБҰЛ

Түркия астанасында жергілікті қазақ диаспорасының өкілдері XX ғасырда Қазақстанда орын алған саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алды. Қожа Ахмет Ясауи атындағы орталықта өткен жиынға Түркия қазақтарының ақсақалдары мен белді өкілдері қатысты. Шарада марқұмдардың рухтарына Құран бағышталып, дұға оқылды. Зұлмат жылдарында миллиондаған қазақтың ашаршылықтан көз жұмғаны, атажұртран сыртқа көшіп кеткені, саяси репрессияларға ұшырағаны белгілі. Ұлттың шоқтығы биік көш бастар азаматтарының қандықол жүйе тарапынан қырғынға ұшырауы – өз алдына үлкен қасірет.



### ПРАГА

Чехия астанасында ерекше қайырымдылық жоба қолға алынып жатыр. Оған сай жергілікті тұрғындар саябақтардағы талдарды таңдап алып, өз қамқорлығына ала алады. Экологтар бұл әрекет дәстүрлі шараға айналар деген үмітте. Шараның алғашқы күні 362 адам бұл ұсынысты қабыл алған. Жоба аяғына дейін Прагадағы әр бұта өз қожайынын табады. Талды қамқорлығына алған әр азаматқа арнайы мерзімсіз сертификат табысталады. Бұл оларға қажет болса эколог мамандарды да шақыруға мүмкіндік береді. Тек адамдар саябақтағы ағашты қазып алып, үйінің қасына отырғызуына болмайды.



# ЖАСТАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

**Нұр-Сұлтанда алғаш рет жастарға қызмет көрсету орталығы ашылды. Орталық жастардың жаңа идеялары мен жобаларына бағыт береді, күш-жігерін біріктіріп, түрлі мәселелері бойынша көмек көрсетеді.**

– Мекемеде жастарға арналған жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар және қаладағы бос жұмыс орындары жайында ақпарат алуға болады. Орталық Сарыарқа ауданында орналасқан, демеушілік қаржыландыру есебінен ашылды. Мұнда «Отбасы банк» және жұмыспен қамту басқармасы бар. Басқарма қызметкерлері жастарды жұмысқа орналастыру бағдарламасы жайында баяндап береді. Мысал ретінде біз «Жасыл ел» бағдарламасын жүзеге асырып отырмыз. Жалпы орталықтың мақсаты – жастарға қолдау көрсету, – деді қалалық Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров.




# ЕҢ ЗЕРЕКТІ АНЫҚТАЙДЫ

**Нұрсұлтан Назарбаев Қоры мен Мемлекеттік тілді дамыту қоры «Кім білгіш?» интеллектуалды-танымдық ойыны бойынша 9, 10 және 11 сынып оқушылары арасында жыл сайынғы халықаралық онлайн турнирге қатысуға шақырады.**

Оқушы бұл ойынға қатысу арқылы зияткерлік және танымдық қабілеттерін дамытады, сонымен қатар шығармашылық белсенділіктерін арттырады. Елдің мәдениетімен, тарихымен танысып, бағалы сыйлықтарға ие болады.

«Кім білгіш?» турнирі 2016 жылдан бастап өткізіліп келеді. Ойын жыл сайын жаңартылып, жаңа сұрақтар қосылуда. Алдыңғы ойындардың қорытындысы бойынша республиканың әр өңірінен келген 50 жоғары сынып оқушылары арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтардың иегерлері атанды (ноутбук, планшет және смартфон).

Ойынды қатысушының қалауы бойынша қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде ойнауға болады. Онлайн-турнирге қатысуға өтінімдер 2021 жылдың 1 маусымы мен 1 шілдесі аралығында қабылданады. Турнирге өз өтінімдерін www.qazaq-found.kz сайтындағы турнирдің арнайы парақшасына алдын ала жіберген республиканың және шет елдердің барлық орта мектеп оқушылары (9,10,11 сыныптар) қатыса алады.

# ІКОМЕК-КЕ ЖҮГІНГЕНДЕР КӨП

**Елорда тұрғындары іКОМЕК-ке жыл басынан бері бір миллионнан астам өтініш берді.**




Бүгінгі таңда іКОМЕК109 бірыңғай байланыс орталығы коммуналдық кәсіпорындардың барлық байланыс орталықтарын біріктіреді және тұрғындармен байланыс орнатудың бірыңғай құралы болып саналады. іКОМЕК сервисін жыл сайын 600 мыңнан астам елорда тұрғыны пайдаланады. Орталық ашылған күннен бері 6 миллионға жуық өтініш қабылданды. Осылайша іКОМЕК орталығы:

2017 жылы – 200 мың өтініш;
2018 жылы – 1 037 мың өтініш;
2019 жылы – 1 670 мың өтініш;
2020 жылы 2 197 мың өтініш қабылдады.

Осы жылдың бес айы ішінде 1 миллионнан астам өтініш келіп түскен. Қала тұрғындары арасында денсаулық сақтау (емханаға тіркелу, дәрігерді үйге шақыру және т.б.), қоғамдық көлік (жұмыс режимі, бағдарлар және төлем тәсілдері бойынша сұрақтар), індет (екпені қайдан алады, симптоматика, жұмыс кестесі) сияқты үш мәселе өзекті.

Өтініштердің 86,3% «бірінші қоңыраудан», яғни хабарласқан сәтте шешіледі. «іКОМЕК – үздік халықаралық практикаларды, атап айтқанда, АҚШ тәжірибесін мемлекеттік басқару саласында енгізудің жарқын үлгісі. Біз қала тұрғындарымен өзара байланыс орнату және тұрғындарды қала дамуына жұмылдыру үшін ТМД-дағы бірегей жобаны жасап шығардық. АҚШ мұндай үлгіні (3-1-1 және 9-1-1) 28 жыл ішінде енгізді, ал біз бұл тәжірибені 6 ай ішінде енгіздік. Халықаралық сарапшылар біздің командамызға үш жыл қатарынан «Хрусталь гарнитура» табыстап, іКОМЕК жұмысына жоғары баға берді. Дегенмен, ең бастысы, тұрғындардың оң пікірі мен алғысын алдық» дейді іКОМЕК қалалық орталығының басшысы Жаннат Дүбірова.

іКОМЕК109-ға келіп түсетін өтініштер санының өсуі тұрғындардың елорда дамуына белсене атсалысатынын білдіреді. Әрбір қала тұрғыны іКОМЕК-ке жүгінсе, кері байланыс алатынын біледі. Бастысы, шет қалмау керек: суретке түсіріп, мекенжайды көрсете отырып, проблеманы жеткізсе болды. Өтініштерді қабылдау нәтижесінде әрбір проблема бойынша байланыс орнатылады және түрлі формада жауап (қайта қоңырау шалу және т.б.) беріледі.

# БАҒДАРШАМДАР КӨБЕЙЕДІ

**Сығанақ көшесінде жаяу жүргіншілерге бағдаршам орнатылады.**



Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы елордада көше-жол желісін дамыту бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Сығанақ көшесінде жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршам мен Сарайшық көшесінде қосымша жолақтар орнату жоспарланған. «Сығанақ көшесінде (Жусан банк аумағы) жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршам нысандарын орнату көзделіп отыр. Сондай-ақ іргелес аумаққа өту әрі Сарайшық көшесінде (Қараөткел көшесі ауданында) кедергісіз бұрылыстарды жүзеге асыру үшін қосымша қозғалыс жолақтары орнатылады. Жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршам нысандарын орнату қала құрылысы нормаларына сәйкес қауіпсіз және жаяу жүргіншілер қозғалысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» делінген басқарма хабарламасында.

Сонымен қатар әкімдіктің мәліметінше, Сарайшық көшесі мен Сығанақ көшесі бойында көліктерге арналған бұрылу жолақтарын ашу жоспарланып отыр. Қабылданған шаралар тұрғындардың қолайлылығы үшін жүргізілуде. Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары әрі қонақтары қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлап, жол қауіпсіздігі ережелерін сақтауы қажет.

**Елорданың Алматы ауданында Халықаралық балаларды қорғау күніне орай батыр аналарға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгілері табысталды.**



# БАТЫР АНАЛАР АРДАҚТАЛДЫ

Ауданда жалпы 7121 көпбалалы ана тұрады. Мереке қарсаңында 43 батыр ана тиісті марапаттарға ие болды. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербеткен аналарды аудан әкімі Бектенбай Есполов құттықтап, мерекелік сый-сияпат тапсырды. Асыл жандар құрметіне ән шырқалып, домбыра күмбірледі.

## СЕУЛ

Сеул қаласындағы зауытта мөлдір бөтелкеден кореялық технологияны қолдана отырып, жоғары сапалы талшық шығарыла бастады. Ол – киім тігу үшін қажет шикізат. Қалдықты зауытқа жергілікті тұрғындар әкеледі. 3800 адам бөтелкелерді күн сайын көп қабатты және жеке үйлерде жинайды. Келесі кезеңде бөтелкелерден заттаңбасы алынады, содан кейін ғана пластик зауытқа жеткізіледі. Кореядағы әйгілі брендтің дүкендерінің бірінде пластиктен жасалған киім сатылады. Мысалы, бір киімге 32 бөтелке кетеді екен.



## ВАШИНГТОН

АҚШ астанасында вакцина салдырған тұрғындарға жүлде қоры 116 миллион доллар тұратын сыйақы тағайындалды. Билік осылайша халықтың белсенділігін арттырғысы келіп отыр. Ұтыс ойыны 15 маусымда басталады. Бағы жанып, жүлдеге іліккен 10 адам 1 жарым миллион доллардан алады. Сондай-ақ 30 тұрғын 50 мың долларға ие болуы мүмкін. Қалған тұрғындарға 50 доллардан берілмек. Ұтыс ойынына 12 жастан асқан тұрғындар қатыса алады. Аталған жүлдені тұрғындар вакцина алсын деп бекіткен. Бірінші кезекте, бұл азаматтардың денсаулығына пайдалы.

## ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

? – Елордалық «Шапағат» коммуналдық базарының жанында заңсыз сауда жүргізілуде. Бұл маңайды тиімді игеріп, шағын гүлзар немесе саябақ салу жоспарда бар ма?

**Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:**

! *– Ең алдымен, мұндай сауданың түрі жер және кәсіпкерлік заңына қайшы. Бұл жерде ешқандай санитарлық, қауіпсіздік ережелері сақталмайды. Сарыарқа ауданы әкімдігінің атына осы алаңда орналасқан үйлердің тұрғындарынан тұрақ аймағы бар аллея ашу туралы көптеген өтініш түсуде. Қазіргі уақытта Урбанистика орталығымен бірлесіп, алаңның жобалық эскизін бекіту жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ аудандық әкімдіктің қызметкерлері саудагерлермен кездесіп, қабылдау ұйымдастырды. Әрқайсысының мәселесін жеке қарастырып, құқықтық және әлеуметтік мәселелер бойынша кеңес берілді. Ең бастысы, саудагерлерге заңды түрде жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, басқа сауда орындарын ұсынып отырмыз.*

## АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

**Темірлан СӘТБАЕВ, елорда тұрғыны:**

– Үш баланың әкесімін. Үшеуі де мектепте оқиды. Жазғы демалыс басталса, балаларымды үйге жалғыз тастап кетуден қорқамын. Таңнан кешке дейін жұмыста жүргендіктен, тиісті уақыт та, көңіл де бөле бермейміз. Жалпы каникул кезінде үйдегі қауіпсіздікті қалай сақтаған жөн?

***Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қалалық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Еркін ОТАРҒАЛЫМҰЛЫ жауап береді:***

– Кез келген жауапты ата-ана баласының денсаулығы мен қауіпсіздігіне алаңдайды. Балаларды жазатайым оқиғалардан қорғау үшін тек уайым мен сүйіспеншілік жеткіліксіз. Ата-аналарды сіріңкені балалардың қолы жетпейтін жерде сақтауға, балаларға пешті өздігінен жағуға, газ бен электр құрылғыларын пайдалануға рұқсат бермеуге, отпен ойнайтын балаларды дереу тоқтатуға, өрт қауіпсіздігі ережесін түсіндіруге шақырамын. Сонымен қатар кішкентай балаларды терезелері ашық бөлмеде жалғыз қалдырмауға, бала үйде болған кезде терезелерді ашық ұстамауға, шыбын-шіркейден қорғауға арналған торға сенбеуге кеңес беремін. Жалпы, қалалық ТЖД мәліметінше, соңғы үш жыл ішінде елордада 7 бала өрттен қайтыс болды, 14 бала жарақат алды. Бұған қоса аталған аралықта балалардың терезеден құлауының 46 жағдайы тіркелді. Оның ішінде 10 бала қайтыс болып, 36-сы жарақаттанды.

## АСТАНА АУДАНЫ

**Есіл ауданында Жағалау шағын ауданын абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Бұл туралы аудан әкімі Берік Жәкенов хабарлады.**

«Осы жазда көптеген жұмыстарды жоспарлап отырмыз. Шағын ауданның аумағы кең - 17 мың тұрғын үй кешенінде 7 мыңнан астам адам тұрады. Біз тұрғындармен ең өзекті мәселелерді талқыладық. Олардың пікірлерін ескере отырып, балалардың қауіпсіздігі үшін ойын алаңдарына резеңке төсеніштер орнатамыз. Сонымен қатар, алты спорт алаңын және қыста хоккей, жазда футбол ойнайтын әмбебап корт орнатамыз. Маусым айынан бастап жұмысқа кірісеміз» деп атап өтті Берік Жәкенов.

## ӨҢІР ӨМІРІ

**Түркістанда алдағы бес жылда 24 археологиялық зерттеу жүргізіледі.**

Қазіргі таңда Түркістан облысына бір жылда келетін туристер саны 1,2 млн-ға жетті. Өңірдің туристік ағынын ұлғайту үшін Түркістан және Төле би ауданындағы «Қасқасу» туристік-рекреациялық орталықтарының инфрақұрылымын дамыту жоспарланып отыр. Сондай-ақ Ұлы Жібек жолы бойында жаңа туристік өнімдер пайда болады.

Түркістан өңірін дамытудың бесжылдық кешенді жоспар шеңберінде мәдениет пен туризмге қатысты 11 инвестициялық жоба жоспарланған. Оның 9-ы жеке инвестициялар есебінен іске асады. Соның арқасында 2025 жылы туристер саны 2,5 млн адамға дейін, орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны 291 мың адамға дейін және туризм саласында жұмыс істейтіндер саны 30 мың адамға дейін артады. Статистикалық деректер бойынша өңірде 703 мәдениет мекемесі бар. Жаңадан 13 мәдениет нысаны пайдалануға беріледі. Соның ішінде Күлтөбе қалашығының тарихи нысандарын қалпына келтіру, Әзірет Сұлтан қорық-музейінің аумағын абаттандыру, сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи және Рабия Сұлтан Бегім кесенелерін, Түркістан қаласындағы цитадельдің қамал қабырғасын қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

2025 жылға дейін 59 нысанға қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, 24 археологиялық зерттеу жүргізу жоспарланған. Нәтижесінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне келушілер саны 2,3 млн адамға дейін артады.

№64 (4188) 03/06/2021 Бейсенбі

# «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» ҚАЛАЙ ӘНҰРАНҒА АЙНАЛДЫ?

**Осыдан тура 15 жыл бұрын Шәмші Қалдаяқов пен Жұмекен Нәжімеденовтің «Менің Қазақстаным» әні Мемлекеттік әнұран болып бекітілді. Бірақ сол 15 жыл бұрын «Мемлекеттік нышандар туралы» заңымыздың қалай қабылданғанын, тарихи оқиға қалай болғанын әрбір қазақ баласы біле бермейді. Мен сол заңның Мәжілісте қалай қабылданғанын көзіммен көріп, құлағыммен естіген едім. Ендеше жас ұрпаққа үлгі-өнеге, тарихтан тәбәрік болсын деп, сол оқиғадан дайындаған репортажымды оқырман назарына ұсынып отырмын.**



tolen_tleubaev@mail.ru
Төлен ТІЛЕУБАЙ

### ЕСКІ ӘНҰРАН ӨЗ МІНДЕТІН АТҚАРДЫ

Сол жолы (2006 жылы) қос палатаның бірлескен жиыны жөпелдемеде өтті. «Ит жылын белсенділікпен бастайық» деді ме екен, әйтеуір депутаттар мәселеге білек сыбана кірісіп, заңды қабылдауға бір деммен кірісті. Олар алдымен Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әнінің оркестрмен өңделіп, түзетілген жаңа нұсқасын тыңдады. Бірден белгілі болғаны – әннің қайырмасынан басқа мәтініне ішінара өзгертулер енгізіліпті. Бірақ әуені толығымен сақталған. Үкімет те «Мемлекеттік нышандар туралы» заңға алдын ала жедел сараптама жасап үлгеріпті. Қос палатаның алқалы жиынына сақадай сай әзірленіп келген Мәдениет, ақпарат және спорт министрі Есетжан Қосыбаев жаңа әнұран қабылдаудың мезгілі жеткенін қуана мәлімдеуі сол екен, жарыссөз басталып кетті. Әуелі ескі әнұранға қатысты пікірлер айтылды.

«1992 жылы қабылданған бұл әнұран өз міндетін толық өтеді, – деді топ ішінен суырылып сөйлеген сенатор Қуаныш Сұлтанов. – Ол Тұңғыш Президентімізбен бірге әлемді шарлап, ең құрметті де мәртебелі төрлерде шырқалды. Ендеше ол тарихтың төріне алтын әріптермен жазылады». Ал жаңа әнұранға қатысты әңгімені Мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан бастап берді: «Әнұран айтылғанда егілуің керек, екіленуің керек. Ол ән жеңіс тұғырына көтерілген қыранның аузынан табылуы қажет. Етігімен су кешкен ұланның аузынан табылуы керек ол ән. Толқыған топтың аузынан, шалқыған көптің аузынан табылған ардақты әуен болғанда ол әнұран болады. Ал енді ет-жүрегің езілмей, екіленбей айтқан ән – ән болады, ол ұран болмайды. Осындай талапқа қандай лайықты ән бар десеңіз – ол, сөз жоқ, кез келген қазақстандықтың аузына оралатын Шәмшінің «Менің Қазақстаным» дейтін әні». Одан әрі сөз кезегі тигендердің бәрі де осы пікірді қолдады.

### ҚҰПИЯ АВТОР ЕЛБАСЫ ЕКЕН...

Күн тәртібіндегі негізгі мәселені талқылауға көшерден бұрын халық қалаулылары демдерін ішіне тартып, тына қалысты. Оларды ынтықтырған – «Жұмекеннің сөзіне өзгерістер енгізген автор кім?» деген сауал еді. Сол сауалға жауап беремін деп Мәжіліс төрағасы Орал Мұхамеджанов Елбасының депутаттарға арнаған хатын оқығанда бар құпияның сыры ашылды. Жұмекеннің сөздерін ауыстырған автор өзге емес, Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі екен. Бұл мәтін осыдан біршама уақыт бұрынырақта жазылыпты: «Менің Қазақстаныма» ресми мәртебе беретін күн жетті. Бұл әннің Қазақстан тыңын игерушілердің құрметіне жазылғаны ешкімге құпия емес. Ал әнді әнұран ретінде қабылдау үшін бірқатар өзгерістер енгізу керек деп есептеймін. Біріншіден, онда ғасырлар бойы тәуелсіздік үшін күрескен бабалар ерлігі көрсетілуі тиіс. Екіншіден, мәтінде ата-бабадан қалған асыл мұра – жеріміздің кең байтақтығы орын алуы керек. Үшіншіден, еліміз бен жеріміздің байлығы біздің ұрпақтарымыздың болашағына жарқын жол ашатыны да айқын көрініс тапқаны жөн. Ең бастысы, тәуелсіздігіміздің алтын діңгегі – ел бірлігі баса көрсетілуі керек. Елбасы ретінде емес, мен азамат ретінде осы әннің сөзіне жоғарыдағы талаптарға жауап беретін тиісті өзгерістер ұсынып отырмын. Авторлыққа еш таласым жоқ».

Елбасы өз хатында «авторлыққа еш таласым жоқ» дегеніне қарамастан депутаттардың дені «Қосалқы авторлыққа Елбасының атын қосайық» деп жан-жақтан үн қосты. Қызық болғанда өзге депутаттар бір жақ болды да, оларға Амангелді Айталы ғана қарсы шықты: «Біз Жұмекеннің сөзін жаттап өскен ұрпақпыз, – деді ол. – Біз осы сөзді айттық, айтып келеміз, айта береміз. Ал Үкіметтің ұсынысы, яғни бүгінгі Елбасының ұсынысы – халық үшін күтпеген жағдай. «Құқықтық жағынан барлығына көз жеткіздік, қайшылық жоқ» деді. Дұрыс. Бірақ мұның кейіннен саяси-сыни салдары болуы мүмкін. Біріншіден, жалпы мәдени мұраға өзгеріс енгізу ертеңгі күні белең алып кетпей ме?.. Абайдың ұрпақтарынан рұқсат алып, өлеңдерін өзгертіп жүрмейік. Осы жерде ойланайық. Қазақстанның Тұңғыш Президенті бүгінге де, тарихқа да керек. Сондықтан мен «Менің Қазақстанымды» Жұмекеннің авторлығымен, Шәмшінің музыкасымен халықтың сыйлап келген қастерлі әні күйінде қабылдауды ұсындым».

Бұл ұсынысқа қос палатаның әнұранға қатысты комиссиясының төрағасы Қуаныш Сұлтанов: «Бұл жерде өлең өзгерту жаппай белең алады деп қауіптенудің қажеті жоқ. Өйткені әнұран біреу-ақ. Барлық мұрагерлермен заңдық, техникалық жағы түгел қамтамасыз етілген. Бір ескеретініміз, Ж.Нәжімеденовтің мұрагерлері «егер Елбасы авторлыққа қосылса қолдаймыз» деген тілек айтқан. Екіншіден, мәтін сөзді ешқандай әлсіретіп тұрған жоқ. Біз кешегі Жұмекеннің сөзін жаттап өссек, біздің балаларымыз осы сөзді жаттап өседі» деген уәж айтты.

Мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан да осы тұста былай деді: «Басқа елдерде бұл қайшы көрінуі мүмкін, – деді ол. – Бірақ тарихқа үңіліңіздер. Қазақтың ханы Абылайы «Көкболат», «Қаражорға» деп күй шығарды. Біз өнер адамы емес, Алашорданың идеологы, лингвист-ғалым деп білетін Ахмет Байтұрсынұлының 36 әні бар. Ал Нұрсұлтан Назарбаевтың поэзияға жақындығы жөнінен бүкіл ел құлағдар. Анау «Елім менің», «Үшқоңыр» әндерін елдің бәрі естіп жүр. Сондықтан бұл жерде заңға томпақ келетін дүние жоқ».

Ақырында депутаттар көпшілік дауыспен Елбасыны қосалқы автор етті.

Әнұранға қатысты депутаттар енгізген тағы бір жаңалық бар. Бұдан былай әнұран орындалғанда тік тұрып қана қоймай, оң қолыңызбен жүрек тұсыңызды басасыз. Сөйтіп жаңа әнұранға қатысты заң жобасын депутаттар бекітті. Ал жаңа әнұран алғаш рет Елбасының ұлықтау рәсімінде орындалды.



# ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ

amangali.kalzhan@mail.ru
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

«Біз бүгін аса маңызды тарихи оқиғаны бастан кешіп отырмыз. Бәріміз асыға, сарғая күткен күн енді тарих жылнамасына енетін болады... Міне, жаңарған Жалауы, Елтаңбасы, Әнұраны бар ел болдық. Біз тәуелсіздікке аңсап, зарығып жеттік. Енді сол тәуелсіздіктің қасиетті белгілерін де ерекше қадірлеуіміз, қастерлеуіміз керек. Әрбір азамат Қазақстанның Жалауын, Елтаңбасын, Әнұранын тұмардай қасиет тұтуы қажет. Елдігіміздің сыналатын бір тұсы – осы» деген еді Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сол тарихи отырыс кезінде.

2007 жылдың 4 маусымында «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық заң қабылданды. Содан бастап жыл сайын осы күні Мемлекеттік рәміздер күні мерекесін атап өтіп келе жатырмыз.

Егемен ел атанғанымыздан кейін Жоғарғы Кеңестің төралқасы мемлекеттік символиканы дайындау бойынша жұмыс тобын құру туралы қаулы қабылдады. Осы құжатқа сәйкес арнайы шығармашылық комиссия құрылды. Оның құрамына белгілі заңгерлер мен қоғам қайраткерлері кірді. Көп кешікпей Елтаңба, Ту және Әнұран жобаларын жасауға конкурс жарияланды.

Конкурсқа 600-ден астам адам қатысты. Мемлекеттік ту эскиздері бойынша 1200 өтінім, Елтаңбаның 245 жобасы мен Әнұранның 750 нұсқасы ұсынылды. Қорытындысында көрнекті суретші Шәкен Ниязбековтің эскизі, белгілі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шот-Аман Уәлихановтың жобасы және Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Жадыра Дәрібаева секілді танымал ақындардың мәтіні қабылданды. Әнұран әуені ретінде Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди сынды аса көрнекті композиторлардың музыкасы қалдырылды.

Биыл Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнінің Әнұран болып қабылданғанына 15 жыл толды. 2006 жылдың 6 қаңтарында Елбасының бастамасымен Парламент отырысында осы туынды бекітілді. Нұрсұлтан Назарбаев ақын Жұмекен Нәжімеденовтің мәтініне заманға сай өзгерістер енгізді. Арада бес күн өткенде, 11 қаңтар күні Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде жаңа Әнұран алғаш рет орындалды.

Ел Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы қаулысымен Мемлекеттік ту мен Елтаңбаны, Әнұранды пайдалану тәртібі бекітілген. 2019 жылдың 28 маусымында осы құжатқа өзгеріс енгізіліп, жеке және заңды тұлғаларға патриоттық сезімін, қазақстандық бірегейлікті білдіру, елдің және оның азаматтарының жетістіктерін қолдау мақсатында ғимараттарда, соның ішінде балкондарда және салтанатты іс-шаралар өткізілетін орындарда Туды ілуге рұқсат берілді.

Мемлекеттік тудың да, Елтаңбаның да стандарттары бекітілген. 2018 жылы Елтаңбаның жаңа стандарты туралы заңнама күшіне енді. Осы стандарттарды қатаң сақтау қажет. 2018 жылдың 12 шілдесінде Қылмыстық кодекстің 372-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес Мемлекеттік рәміздерді қорлағандар жауапкершілікке тартылады. Осындайларға екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады. Немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына және алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады. Екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы да қарастырылған.

Қазір Мемлекеттік туымыз, Елтаңбамыз бен Әнұранымызбен тәуелсіздігіміздің тұғыры нық. Тәуелсіздігіміз баянды болып, Мемлекеттік рәміздер күні құтты болсын!

# МЕРЕЙЛІ КҮН МЕРЕКЕСІ

**Елімізде 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер күні атап өтіледі. Нұр-Сұлтанда бұл күні түрлі көрмелер, ақпараттық дәрістер, семинарлар ұйымдастырылады.**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Елтаңба, Ту және Әнұран күні қарсаңында елордада патриотизм рухын нығайтуға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуді насихаттауға бағытталған бірқатар имидждік іс-шаралар жоспарланған. Олардың барлығы «Мен Қазақстанның патриотымын!» ұранымен өтеді.

Іс-шаралардың арасында Мемлекеттік әнұранды бір мезгілде орындау, ақпараттық сағаттар, дөңгелек үстелдер, конференциялар, дәрістер, семинарлар, кітап көрмелері, жас мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдауы секілді жиындар бар. 100-ден астам түрлі іс-шара санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып өткізілмек.

2 маусымнан бастап «Менің рәміздерім – менің мақтанышым!» патриоттық челлендж-акциясы өтеді. Оны қолдауға елорда тұрғындары мен қонақтары шақырылады. Facebook және Instagram желісінде мемлекеттік рәміздермен байланысты фото немесе бейнетүсірілімдер, түрлі посттар #МеніңрәміздерімМеніңмақтанышым, #Мемлекеттікрәміздеркүні, #МенҚазақстанныңпатриотымын, #ЯпатриотКазахстана хештегтерін



пайдалана отырып жариялануы қажет.

Сонымен қатар қоғамдық орындарда орналастырылған LED-экрандарда, білім беру, мәдениет, спорт, медицина, СОО ұйымдарында және қоғамдық көлік мониторларында мемлекеттік рәміздер туралы аудио және бейнероликтер көрсетілетін болады.

4 маусым күні сағат 11:00-де «Атамекен» «Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенінің жанында қала әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасының ұйымдастыруымен жыл сайынғы автошеру басталады. ҚР Мемлекеттік туы бар 50 машинадан тұратын автокеруен елорданың басты даңғылдары мен көшелерінен – Тәуелсіздік, Тұран, Мәңгілік ел, Ұлы дала, Қабанбай батыр, Түркістан секілді тұстардан 29 км жүріп өтеді. Автошеру «Отан қорғаушылар» мемориалының жанына келіп тоқтайды.

Сол күні сағат 15:00-де мереке құрметіне Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік академиялық филармониясының әртістері «Астана» концерт залында концерт ұйымдастырады. Көрермендер Майра Ілиясова, Алтынай Жорабаева, Рүстем Жүгінісов, Гүлнұр Оразымбетова, Светлана Айтбаева сынды әншілердің орындауындағы патриоттық шығармаларды тыңдайды. Іс-шараға кіру Ashyq мобильді қосымшасы арқылы жүргізіледі.

Мемлекеттік рәміздер күнінің құрметіне орай елордалықтар үйлерінің балкондары мен терезелеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын іле алады.

# ПАТРИОТТАР ФОРУМЫ

**Ертең Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасында ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Біз ел патриотымыз» халықаралық жастар форумы өтеді. Форумның ұйымдастырушылары: Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы, Нұрсұлтан Назарбаев қоры, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі.**

Форумның пленарлық отырысына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қ.Көшербаев, сондай-ақ «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпаздары қатысады.

Пленарлық отырыс барысында жастар көшбасшыларына Алматы қаласы мен облыс әкімдерінің онлайн-үндеуі жоспарланған. Панельдік сессиялар «Open space» форматында өтеді. Басқосуда қазақстандық жас спортшылар, ғалымдар, әртістер мен кәсіпкерлер қазіргі кезеңдегі жаһандану үдерістерінде жастардың рөлін айқындаудың өзекті мәселелерін талқыламақ. Форум соңы қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен өтетін концерттік бағдарламаға ұласады.

# АХУАЛ ТҰРАҚТАНДЫ. АУРУ БӘСЕҢДЕДІ

**Биыл мамыр айында сәуірмен салыстырғанда COVID-19 инфекциясының таралуы 1,6 есе төмендеді. Үкімет отырысында Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой осылай деп, елімізде ауру жұқтыру деректері азайғанын хабарлады.**



ray77781@mail.ru

**Райхан РАХМЕТОВА**

Расымен соңғы аптада індет анықталған жағдайлардың саны 15 мыңнан 12 мыңға дейін немесе өткен аптамен салыстырғанда 21%-ға төмендегені байқалды. Биыл 1 маусымдағы жағдай бойынша төсек орындардың күнделікті қамтылу мониторингіне көз жүгіртсек, елімізде инфекциялық аурулар бойынша төсек орынның 28%-ы бос емес, реанимациялық төсектердің қамтылуы 24%-ды құрайды.

– Қазіргі уақытта елімізде індет бойынша эпидемиологиялық жағдайдың тұрақталып келе жатқаны аңғарылады, өңірлер қызыл аймақтан біртіндеп шыға бастады. Болжамға сәйкес сырқаттану реалистік сценарий бойынша дамып жатыр. Алайда тұрақты жағдайды сақтау үшін жергілікті атқарушы органдарға вакцинация қарқынын арттыру және халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту қажет, – деді министр.

Індетпен күрестің басты жолы - халықты індетке қарсы вакцинациялау жалғасып жатыр. Бүгінгі таңда вакцинаның шамамен 3,2 млн дозасы пайдаланылды, оның ішінде бірінші компоненті 2 131 519 адамға егілді, бұл – ұжымдық иммунитет қалыптастыруға қатысатын халықтың 21%-ы. Екпенің екінші компоненті 1 074 954 адамға салынған. А.Цойдың айтуынша, бүгінде егу пункттерінде вакцина мөлшері жеткілікті, бірінші компоненттің шамамен 330 мың және екінші компоненттің 811 мың дозасы бар. Маусым айында бұған қосымша COVID-19 вакциналарының 2 млн-ға жуық екі дозасы жеткізіледі деп жоспарланған. Тағы бір маңызды жаңалық – осы аптада Қытайдан 500 мың CoronaVac вакцинасының жеткізілгендігі. Осылайша Қазақстанда коронавирусқа қарсы 4 түрлі вакцина қолжетімді болып отыр.

> Індетпен күрестің басты жолы - халықты індетке қарсы вакцинациялау жалғасып жатыр. Бүгінгі таңда вакцинаның шамамен **3,2 млн** дозасы пайдаланылды, оның ішінде бірінші компоненті **2 131 519** адамға егілді, бұл – ұжымдық иммунитет қалыптастыруға қатысатын халықтың **21%-ы**. Екпенің екінші компоненті **1 074 954** адамға салынған

Кеше ғана АҚШ пен Австралияда екпе алуға елді ынталандыратын ұтыс ойындары мен жолдамалар ұсынылатыны туралы жазғанбыз. Бұл үрдістен Қазақстан да құр алақан емес екен. Мәселен, Алматыдағы Globus сауда ойын-сауық орталығында екпе алған тұрғындары арасында жүлделі ұтыс ойындары өтіпті. Сауда орталығындағы егу пунктінде індетке қарсы екпе алған жүзден астам алматылық олжалы болса, бас жүлде IPhone 12 смартфонын 20 жастағы медбике Әлім Марғұл иеленді. Бойжеткен №30 емханада бір жыл жұмыс істейді. Мамыр айының басында Globus сауда орталығында вакцина алған. Осы үрдіс Шығыс Қазақстан облысында жалғасты. Кәсіпорындардың бірі ауруға қарсы вакцина алған жұмысшыларына демалыс орындарына жолдама беріп жатыр. Алтай ауданының мұғалімдері вакцинаны алғашқылардың бірі болып қабылдаған. Білім бөлімінің кәсіподақ ұйымы педагогтерге Алакөлге 20-дан астам жолдама бөлді. Сонымен қатар «Қазмырыш» ЖШС компаниясы да вакцина алған жұмысшыларына демалыс орындарына 50 пайыз жеңілдікпен жолдама беруде. Бұдан бөлек, оларға мәдениет орталығының спортзалында тегін жаттығуға рұқсат етілген.

Өкінішке қарай, елордада мұндай ынталандыру шараларының өткенін байқай алмадық. Бәлкім, бұл бас қала халқының екпе салу науқанына онсыз да белсенді қатысуынан болар. Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі берген мәліметтерге сүйенсек, қазір елордада екпенің бірінші компоненті 163 286 адамға салынған, ал екінші компонентін 99 824 адам алған. Жалпы, қалада қазір вакцинация науқанына тәулігіне 1200-1300 адамнан қатысып жатыр.

# ТҰРҒЫНДАРҒА ТАРТУ – ТЕАТР ЖЕЛЕКЖОЛЫ

**«Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспарына сәйкес биыл елордада 150 аула мен 40 қоғамдық кеңістік салынады. Жаздың алғашқы күні Ж.Омаров көшесінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында «Театр» жаяу жүргіншілер желекжолы пайдалануға беріліп, субұрқақ ашылды.**




Бұл шара Халықаралық балаларды қорғау күніне сәйкес келіп, шын мәнінде мерекеге айналды. «Халықтар достығы» монументін біріктіретін субұрқақ кешені айналасында балдырғандар асыр салып ойнады. Аниматорлар, Қуыршақтар театры мен «Астаналық» цирк әртістері жеткіншектердің көңілін көтерді. Желекжолда жайлы демалыс үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда балалар алаңы, ересектердің демалыс аймағы, велосипед жолы салынды. Жаңа қоғамдық кеңістік дала жиһаздарымен және қосымша көгалдандырумен безендірілген.



Осы жерден Сарыарқа ауданының әкімі Есет Байкен табылып, балалар мен ата-аналарды мерекемен құттықтады.

– Балалар мен ата-аналарының уақытты пайдалы әрі қызықты өткізуі үшін қоғамдық кеңістіктер көбейтілуде. Міне, жаздың бірінші күні «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында субұрқақ кешені ашылды. Бұл жобаны жүзеге асыру – қала әкімі Алтай Көлгіновтің тікелей бақылауында. Биыл елордамыздың тарихи орталығы – Ж.Омаров көшесінде жөндеу жұмыстары жоспарланып отыр. Желекжол бойында Республика даңғылынан Жас көрермендер театрына дейін екі субұрқақ кешені, көптеген шағын сәулет нысандары орнатылады, – деді аудан әкімі.

Аудан басшысы атап өткендей, желекжолдың Республика даңғылынан М.Әуезов көшесіне дейінгі бір бөлігі ғана ашылып, екінші бөлігінде жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр. Ә.Мәмбетов көшесін жөндеу жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Алдағы демалыстарда, 5-6 маусым күндері Ә.Мәмбетов көшесінің жаяу жүргіншілер жолын техникалық ашу жоспарланған. Пандемия мен карантиндік шараларды ескере отырып, ауқымды іс-шаралар өткізілмейді. Бірақ аудан басшылығы қалалық Мәдениет басқармасымен бірлесіп, санитарлық нормаларды сақтай отырып, іс-шаралар өткізеді.

Ал желекжолдың ашылған бөлігіне тұрғындар мен балалар риза. Олар субұрқақ кешені туралы өз әсерлерімен бөлісіп, мерекені ұйымдастырған елорда әкімдігіне алғыс айтты.

«Бүгін біз отбасымызбен серуендеп, балалар мерекесін атап өту үшін шықтық. Жаңа субұрқақтың ашылуына куә болдық. Бізге бұл жер қатты ұнады. Мұнда түрлі сырғанақтар, субұрқақ кешені орнатылыпты. Карантин кезінде ешқайда шықпадық. Енді таза ауада осындай әдемі жерде серуендей аламыз. Әдетте Есіл өзенінің жағасында серуендейтінбіз. Енді бұл жерге жиі келіп тұратын болдық» деді мектеп оқушысы Аружан Ағыбаева.

«Елорда тұрғындарына арнап, осындай жаңа демалыс орны ашылғанына қуанып отырмыз. Балаларымызға мереке ұйымдастырған қала әкімдігіне алғыс айтқым келеді. Елордамыз одан әрі гүлдене берсін!» деді елорда тұрғыны Ғани Артықов.

«Театр» желекжолының атауына сәйкес, осы маңайдағы тұрғын үйлердің қабырғасына муралдар салынып жатыр. Бір суреттен Алдар көсе бейнесіндегі атақты актер, кинорежиссер Шәкен Аймановты тануға болады.

Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының хабарлауынша, оң жағалау ғана емес, сол жағалау да көркейеді. Жақын күндері, бір апта шамасында «Әбу-Даби плаза» кешені айналысындағы саябақты ашу жоспарланып отыр.

**Елордалықтар қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, ашаршылық құрбандары монументіне гүл шоқтарын қойды.**

# АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ

Монументтің алдына «Нұр Отан» партиясының өкілдері және қоғамдық ұйымдардың белсенділері келген. Сондай-ақ ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Ұлттық аза тұту» күніне бейжай қарамайтын тұрғындар жиналды. Барлығы гүл шоқтарын қойып, боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алды.

# ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҒЫ

**№2 Балалар көркемсурет мектебінде «Тәуелсіздік ұрпағы» атты балалар мен жасөспірімдер арасында үздік арт-нысандар байқауы өтті.**

Байқаудың мақсаты – Қазақстан мен шетелдердің көркемөнер колледждері мен мектептерінің дарынды тәрбиеленушілерін анықтау. Байқауды Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы, Нұрсұлтан Назарбаев Қоры, Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы, Нұр-Сұлтан қаласындағы Балалар көркемсурет мектебі – ЮНЕСКО клубы және педагог-суретшілердің халықаралық одағы ұйымдастырды. Өнер жарысына 10 жастан 18 жасқа дейінгі көркемөнерге қызығушы балалар қатысты. Балалар «Менің балалық шағымның армандары», «Менің халқымның аңыздары мен ертегілері», «Менің елім – менің әлемім» деген тақырыптарда жұмыстарын жіберді. Жеңімпаздар арнайы дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталады. Жеңімпаздар тізімі 18 маусым күні dhsh.kz, art-teachers.kz сайттарында жарияланады.

**Сая МҰРАТҚЫЗЫ,**
**Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті**

# БАЛАЛАРДЫҢ БАҚЫТЫ – БАСТЫ МҰРАТ



**Жастар саясаты мәселелері басқармасы 1 маусым «Халықаралық балаларды қорғау күні» аясында «SOS Астана балалар қалашығының» 70-тен астам тәрбиеленушісіне арнап «Бақытты балалық шақ» қайырымдылық іс-шарасын өткізді.**

Іс-шара барысында «Бәйтерек» монументі, EXPO «Нұр-Әлем», Ұлттық әскери-патриоттық музейі секілді елордамыздың көрікті жерлеріне екі қабатты автобустармен (RED BUS) экскурсия өткізілді. Ұйымдастырушылар естелік сыйлықтар табыстап, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

# СУ ҚОЙМАЛАРЫНДА ҚОРЫҚШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

**Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы «Жаснұр» кәсіпорнымен бірлесіп, «Астана» және «Қоянды» су қоймаларының аумағында күн сайын қорықшылық қызмет жүргізеді. Бұл жұмыс арқылы заңсыз балық аулау, су қоймаларының ластану жағдайын бақылау және браконьерліктің жолын кесу қамтамасыз етіледі.**

Қорықшылық қызмет бір мезгілде күзетілетін аумақтағы өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жай-күйіне бақылау жүргізеді. Балық аулау әуесқойлары арасында тиісті ережелері мен су қоймаларының санитарлық тазалығын сақтау бойынша профилактикалық түсіндіру үнемі жүргізіледі.

15 сәуір мен 15 мамыр аралығында шортан, аққайран және көксерке сияқты балық түрлерін аулауға тыйым салынған. 20 мамырдан 20 маусымға дейін тұқы балығын аулауға болмайды. Уылдырық шашу кезеңінде инспекторлар, құқық қорғау, табиғат қорғау органдарының өкілдері рейдтер жүргізеді. Шектеулер мен тыйымдарды бұзғаны үшін қолданыстағы заңнамада 10-нан 20 АЕК-ке дейін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік шаралары қарастырылған. Бұл 29-58 мың теңге аралығын құрайды.

# ҚАШЫҚТАН ОҚУ КЕДЕРГІ ЕМЕС



**Тарихта қашықтан оқытумен есте қалатын оқу жылы да аяқталды. Оқушылар жазғы демалысқа шықса, түлектер үлкен өмірге қадам басуда. Елорда мектептері оқу жылын қалай аяқтады? Пандемия кезіндегі білім берудің артықшылықтары мен кемшіліктері қандай? Осы және өзге де сұрақтарымызға Нұр-Сұлтан қаласы білім басқармасының басшысы Шәкәрім СЕЙСЕНБАЙ жауап берді.**

### 3 АУЫСЫМДЫ МЕКТЕПТЕР АЗАЯДЫ

**– Өткен оқу жылы несімен есте қалды? Пандемия жағдайы оқу процесіне қаншалықты әсер етті?**

– Коронавирус пандемиясы бүкіл әлемдегі білім беру саласына айтарлықтай әсер етті. Оқушылардың, мұғалімдер мен ата-аналардың денсаулығының қауіпсіздігі үшін Министрлік қашықтан оқыту форматына көшу туралы шешім қабылдады. Оқушылар мен мұғалімдер қысқа және жылдам мерзімде қашықтан оқыту форматына ауысуға мәжбүр болды.

Алғаш рет тұрақсыз жағдайға тап болған кезде, біз қысқа мерзім ішінде оқушылардың үздіксіз білім алуы үшін барлық жағдайды бұзбай ұйымдастыра алдық. Педагогтар электрондық платформаларды пайдалану бойынша курстардан өтті. Барлық мұғалімдер мен оқушылар компьютерлермен, интернетпен қамтамасыз етілді.

Дегенмен, карантин мен шектеу шаралары жас ұрпақтың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға теріс әсер етеді, бұл оқушылар мен мұғалімдерге қиын болды. Оқушылар материалды өз бетімен игеруді үйренді. Ата-аналар олардың оқуына көбірек уақыт бөле бастады. Біз осы оқу жылын керемет тәжірибе жинақтап аяқтадық.

### ПАНДЕМИЯ ЖАҢА СЕРПІН БЕРДІ

**– Карантин мектепке дейінгі ұйымдар мен қосымша білім беру мекемелерінің қызметіне өзгерістер әкелді ме?**

– Білім беру ұйымдарының қызметі Нұр-Сұлтан қаласы бойынша бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта қалада мектепке дейінгі ұйымдар санитарлық нормаларды қатаң сақтай отырып, әр топта 15 баладан аспайтын толтырумен кезекші топтар режимінде жұмыс істейді. Бүгінгі күні жалпы 23448 баланы қамтитын мемлекеттік және жеке меншік балабақшаларда 1672 кезекші топ ашылды.

Пандемия кезінде қосымша білім беру ұйымдары онлайн режимінде жұмыс істегенін өздеріңіз де білесіздер. Карантиндік шаралар жеңілдегеннен кейін барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып, топтағы 10 бала оффлайн-режимге көшті.

Қазіргі уақытта елорданың қосымша білім беру жүйесінде 11 ұйым бар. 2 оқушылар сарайы, 1 балалар-жасөспірімдер орталығы, 1 балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану орталығы, 3 балалар музыка мектебі, 2 өнер мектебі, 1 балалар көркемсурет мектебі, 1 техникалық шығармашылық орталық.

Шектеу шараларына қарамастан, басқарма қосымша білім беру ұйымдары филиалдарының санын 142 (+6) дейін, Community-орталықтарын 10 (+3) дейін арттыру бойынша жұмысты жалғастырды. Қосымша білім берумен қамтылған оқушылардың үлесі – 139 355 бала, бұл балалардың жалпы контингентінің 71%-ын құрайды (194928).

Елордада 52123 балаға арналған түрлі типтегі 419 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Оның 100-і – мемлекеттік балабақша, 272-сі – жекеменшік (262-сі мемлекеттік білім беру тапсырысымен), 44-і – шағын орталықтар, 2-еуі – жеке, 3 – ведомстволық. Қаламызда 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қамту – 99%. «INDIGO: электронды балабақшасында» 3 жастан 6 жасқа дейінгі кезек саны 6881 баланы құрайды.

### ВИРТУАЛДЫ ҚАБЫЛДАЙДЫ

**– Ал колледж студенттері онлайн оқытудың жаңа талаптарына тез бейімделді ме?**

– Колледж студенттері үшін де үздіксіз білім алуға жағдай жасалды. Компьютерлері жоқ барлық оқытушылар мен студенттер қажетті техникамен қамтамасыз етілді. Ноутбуктар уақытша пайдалануға берілді. Компьютерлері және интернетке шығу мүмкіндігі жоқ басқа қаладан келген білім алушылар колледж жатақханаларында және хостелдерде орналастырылып, оқуға қолайлы жағдайлар жасалды. Бүгінгі күні қаланың барлық колледждерінде директорлардың виртуалды қабылдау бөлмелері, оқытушыларға, оқушылар мен ата-аналарға онлайн-кеңес беру бойынша штабтар құрылды.

Барлық елордалық колледждер Platonus, Google Classroom, Edu page, қосымша Moodle, Sova және басқа да білім беру ақпараттық ресурстарына қол жеткізді.

**– Биыл елорда бойынша екі есе көп мектеп салынғанынан хабардармыз. Үш ауысымды мектептердің жағдайы жақсарды ма?**

– Елордалық білім беру жүйесінің инфрақұрылымын дамыту үш ауысымды және тығыздалған мектептерді жоюға бағытталған. Егер 2019 жылы үш ауысымды мектептер саны 8 болса, қазір екі есе аз, тығыздалғандар саны 22-ден 14-ке дейін қысқарды.

Қазіргі уақытта елордада оқушы орындарының тапшылығы 26 мыңнан астам орынды құрайды. Бұл мәселені шешу үшін 2020 жылы 1 ауысымда 7 000 оқушы орнына 10 білім беру нысаны пайдалануға берілді. Екі жыл ішінде 16 мектеп пайдалануға берілді, биыл тағы 16 мектеп салынады. 2025 жылға дейін 50 мектеп салып, құрылысты аяқтауды жоспарлап отырмыз. Мектептерді белсенді салу үш ауысымда оқыту мәселесін шешуге мүмкіндік береді.

### ЖҮКТЕМЕ КӨБЕЙДІ, ЖОСПАР ДА КӨП

**– Мұғалімдердің көбі жүктемеміз көбейді деп жатыр. Педагогтерге жағдай қаншалықты жасалуда?**

– Педагогтердің жүктемесіне келетін болсақ, биыл санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты елордада оқу жылының оқыту форматы әртүрлі болуына байланысты өзгеріп отырды. Қатаң санитарлық талаптарды сақтай отырып, ата-аналардың өтініші негізінде кезекші сыныптар ашылды. 1-4 сыныптар штаттық форматта білім алып, сыныптың оқушылары 15 баладан бөлінгендіктен, сабақ жүктемесі де көбейді. 5,9,11 сыныптар аралас форматқа ауысқан кезде де 70% сыныпта, 30% қашықтан білім алды. Сол себептен педагогтердің сабақ жүктемелері көбейтілді.

Жұмыс беруші ретінде, өз кезегімізде мұғалімдердің біліктілігін арттырып, кәсіби дамуына әрдайым қолдау көрсетеміз.

Педагогикалық білім беруді жаңғырту кадр әлеуетін дамыту тұжырымдамасы және Кадр тапшылығын жою жол картасы арқылы жүзеге асырылуда.

### МАМАН ТАПШЫЛЫҒЫ ШЕШІЛЕДІ

Кадр мәселесін шешу үшін жұмыстың 7 басым бағыты белгіленді:

Бірінші: 2020 жыл мен 2023 жыл аралығында мектепке дейінгі ұйым педагогтері, мектеп мұғалімдері үшін және колледждердің инженерлік-оқытушылық құрамына жалақысын көтеруге қаражат бөлінеді.

Екінші: елордалық 78 мың мұғалімнің біліктілігін арттыру үшін қаражат қарастырылған.

Үшінші: 2019 жылы «Туған жер» бағдарламасы аясында 350 орындық жас мұғалімдерге арналған жайлы орталық салынды. Орталықта тұру құны айына 17 мың теңгені құрайды.

Төртінші: жаңартылған мазмұн мен онлайн-оқыту бойынша пән мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жұмыстары күшейтіледі.

Бесінші: 281 студент әкімдік бөлген гранттар бойынша жоғары оқу орындарында оқиды. Олар 2022 жылы бітіріп шығады деп жоспарланған.

Алтыншы: мемлекеттік тапсырыс шеңберінде колледждерде 850 студент білім алуда, олар 2021 және 2023 жылдары бітіреді.

Жетінші: «Колледж-университет» үздіксіз білім беру жүйесі қағидаты бойынша жұмыс істейтін гуманитарлық колледжді сенімгерлік басқаруға көшіру, жыл сайын 1000-ға жуық студентке мұғалім мамандығын алуға мүмкіндік беріледі.

### ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРЕДІ

**– Ал елордалық оқушылардың жазғы демалысы қалай ұйымдастырылады?**

– Балаларымыз үшін жазғы демалыс компаниясы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті ұсынған алгоритмді және балалардың жазғы демалысын, сауықтырылуын, жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру кезіндегі санитарлық талаптарды сақтай отырып, 1 маусым мен 30 маусым аралығында Оқушылар сарайлары жанында «Жазғы демалыс академиясының», көркем және музыкалық мектептерде, Техникалық шығармашылық орталықтарда, Арқа алаң, Арт тұмар орталықтарында (тамақтандыру ұйымдастырылмай) үйірмелер мен секциялардың ашылуымен басталады.

### ЕКІ ЛАГЕРЬ АШЫЛАДЫ

7 маусымнан 10 тамызға дейін әрқайсысы 10 күннен 5 маусымдық 2 қала сыртындағы лагерь ашылады, олар:

- 240 орындық «ARMAN» туристік-сауықтыру кешені;

- 160 орындық «Боровичок» сауықтыру лагері (лагерьлер Ақмола облысында, қаладан 100 км қашықтықта орналасқан).

Балалар лагерьлерінің жұмысына колледждердің білім алушылары қатарынан педагогикалық жасақтар белсенді тартылатын болады.

Әрбір мектеп жаппай оқыту қоры аясында ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысына сәйкес лагерьге тегін баратын балалардың жеңілдікті санаттарын анықтайды.

26 мамырдан бастап 19 маусымға дейін ата-аналардың өтініші бойынша барлық тілек білдірген білім алушылар үшін оқыту сапасын арттыру және шектеу шаралары кезеңіндегі білім алуда жіберілген олқылықтардың орнын толтыру, сондай-ақ оқушылардың физикалық және эмоционалдық денсаулығын қалпына келтіру мақсатында онлайн/оффлайн режимінде жазғы мектеп ұйымдастырылды.

Жазғы мектеп білім алушыларға білім алуда жіберілген олқылықтардың орнын толтыруға, командалық оқу дағдыларын игеруге, өткен оқу материалын сапалы меңгеруге, оқуға деген ынтаны арттыруға мүмкіндік береді: ата-аналар үшін – балалардың жазғы кезеңде жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және бос уақытын ұйымдастыру; педагогтер үшін білім алушылардың оқудағы жетістіктерін талдау және білім беру, дамыту және тәрбие міндеттерін құру, инновациялық бағдарламалар мен жобаларды пайдалану.

Сондай-ақ болашақ бірінші сынып оқушыларын даярлау мақсатында әр мектепте (тамыздан бастап) 2 апта оқу мерзімімен «Балақай мектебінің» жұмысы ұйымдастырылады.

### ЖАЗДА ЖАЛАҚЫ ТАБАДЫ

«Жасыл ел» әлеуметтік жастар жобасы аясында мектептер мен колледждердің 14 жастан 18 жасқа дейінгі оқушылары ағымдағы жылдың 1 маусымы мен 10 тамызы аралығында жазғы кезеңде жұмыспен қамтылады, күтілетін қамту саны – көпбалалы, аз қамтылған отбасылардан, ЮПБ-да есепте тұрған балалар мен жетім балалар қатарынан 700-ге жуық баланы құрайды. Бағдарлама аясында мектептермен шарттар жасалады, балалар мектеп жанындағы учаскелерде жұмыс істейді, мектеп аумағын көгалдандырумен айналысады. Жоба бойынша айына 60000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы қарастырылған.

Бұдан басқа, 1 маусым мен 25 тамыз аралығында біздің балаларымызға білім беру ұйымдары базасында онлайн алаңдар қолжетімді болады. Нақты құрылған жұмыс балаларға таңертеңнен бастап қызықты және пайдалы білім алуға мүмкіндік береді. Мұнда балалар өздерін IT-саласының бағдарламалау, дизайн, жүйелік басқару, ойындарды әзірлеу және тағы басқа әртүрлі бағыттарында сынап көре алады.

**– Келесі оқу жылы қанша бүлдіршін мектеп табалдырығын аттамақшы? Жалпы, жаңа оқу жылынан қандай жаңалық күтеміз?**

– Бүгінде елордамыздың 7471 түлегі өмірдегі ең маңызды кезеңдердің бірі – мектепті сәтті аяқтады, осыған байланысты мен түлектерді құттықтаймын және өмірдің жаңа кезеңдерінде өздерінің мақсаттарын сәтті жүзеге асыруына тілектеспін.

Қашықтан оқыту елордалық мектеп оқушыларына оқушылардың Республикалық пәндік олимпиадасының қорытындысы бойынша «Ең үздік олимпиадалық команда – 2021» атағын алуға кедергі болмады.

Биыл біз мектеп табалдырығын 24 мың бүлдіршін аттап, бірінші сынып оқушысы атанады деп отырмыз. Ал жаңа оқу жылында бәріміз дәстүрлі форматқа, яғни, оқушылар да, мұғалімдер де мектепке ораламыз және өзімізді одан да жақсы жағынан көрсетеміз деген ойдамын.

karkynkktem@gmail.com

**Көктем ҚАРҚЫН**

# ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

**Елордада жазғы мектептер жұмысын бастады. Онда балалар қашықтан оқу кезінде қалып қойған оқу бағдарламасын немесе терең түсіне алмаған тақырыптарды қайта қарастырып, пысықтайды. Мәжбүрлеу жоқ, білімін шыңдауға шәкірттің өзі ықыласты болуы тиіс. Жазғы мектепте сабақ қалай жүргізіледі? Санитарлық талаптар сақталған ба?**

Елордалық Дастан Темірланұлы биыл 6-сыныпты аяқтады. Пандемияға байланысты сабақтың басым бөлігін үйде отырып қашықтан оқыған. Мұғалімі мен сыныптастарын сағынып, мектептің ашылуын асыға күткен оқушылардың бірі. «Қашықтан оқуда мұғалімге маған түсіндіріңізші деп айтуға қорқасың. Ал жазғы мектепте нені түсінбегеніңді мұғаліміңе айта аласың. Әсіресе, математикадан көп тақырыптан қалып қойыппын. Сол олқылықтардың орнын толтырып жатырмыз» деді Нұр-Сұлтан қаласы №73 физика-техникалық лицейдің оқушысы Дастан.

Биыл жазғы мектепке келушілер саны көп. Өйткені қашықтан оқу кезінде көбінің үлгерімі төмендеп кеткен. Енді осы мүмкіндікті пайдаланып, көбі білімін толықтыруға ниетті. Ұстаздар да баланың демалыс уақытын алмай, маңызды сабақтарды мейлінше жылдам оқытуға тырысады. «Қашықтан оқыту кезінде баланың сабақты қаншалықты меңгергенін біле алмайсың. Ал сынып ішінде болса, оның көзқарасынан-ақ аңғаруға болады. Қазір оффлайн сабақ беру кезінде шын мәнінде өз жұмысымыздан рахаттанып жүрміз» дейді мұғалім Ләззат Қайыржанова.

Жазғы мектеп 5-10 сынып оқушыларына арналған. 19 маусымға дейін тегін ұйымдастырылады. Карантин талаптарын сақтау үшін бір сыныпта 15 баладан артық отырмайды. Ал мұғалімдердің еңбек демалысына 19 маусымнан кейін шығады.

# АРМАНЫНА ЖАҚЫНДАҒАН АЛЬБИНА

**«Өнер, білім жастан шығады» дейді дана халқымыз. Шынымен де, еліміздің болашағы – дарынды жастардың қолында. Жас отындай жарқылдаған жастың бірі – Альбина Увашева. Ол – Нұр-Сұлтан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы. Жақында Альбина Әбу-Даби қаласындағы New York University (NYUAD) жоғары оқу орнының толық білім грантын иеленді. Кейіпкерімізден шетелдік жоғары оқу орнына жолдама алу жолдары мен оның алдағы жоспарлары жайлы сұрап білдік.**



Альбина – зияткерлік мектептің үздік, белсенді оқушыларының бірі. Оқумен қатар ол еріктілердің қатарында болып, түрлі қайырымдылық жобаларға атсалысады. Мектептегі «Йога және пилатес» үйірмесінің жетекшісі де болды. Қазіргі уақытта биология мен химия пәндерін тереңдетіп оқып жатқан Альбина армандаған NYUAD университетінде биоинженер мамандығын игермекші.

Альбина кішкентай кезінен екі әпкесіне қарап бой түзеп өседі. Солар сияқты мектепті үздік тәмамдап, ең мықты жоғары оқу орнының грантын иеленуді мақсат қылды. «Екі әпкемді үлгі тұтамын. Кішкентай кезімнен оларға қарап еліктеп, солар сияқты болуға ұмтылдым. Мен танитын адамдардың ішіндегі ең еңбекқор, мақсатына адал жандар. Мектепте жүріп ең бірінші өз-өзіме «Маған қандай пән ұнайды?» деген сұрақ қойдым. Осылайша өз қызығушылығымды табу үшін математикадан, ағылшын тілдерінен қосымша сабақтарға қатысып, олимпиадаларға бардым. Соңында мен үшін биологияның қызық екенін ұқтым. Одан кейін биология ғылымын түсінуге, бұл саладағы білімімді одан ары жетілдіруге кірістім. Қосымша әдебиеттер оқып байқауларға қатыстым. Барлық оқушының мақсаты - мектепті үздік тәмамдап, университетке грант ұтып алу деп ойлаймын. Менің де мақсатым осындай болды. Биология мамандығынан грант беретін шетелдік жоғары оқу орындарының сайттарына кіріп, ақпарат жинай бастадым. Ішіндегі өзім қалаған Нью-Йорк университетінен жолдама алдым. Оқудан қолым босағанда спортпен, йогамен айналысамын. Кез келген адамның оқу мен жұмыстан бөлек қызығушылықтары болу керек деп санаймын. Шынымды айтсам, жолдама ұтып алғанымды естігенде қатты қуандым. Себебі Нью-Йорк университетіне түсу менің 10-сыныптан бергі арманым еді. Оқуға түскенімді таңғы 4-те естідім. Ата-анамның ұйықтап жатқанына қарамастан оларды оятып, жақсы жаңалығыммен қуанттым. Ол кісілер менің таңдауымды әрқашан құрметтеп, қолдау көрсетіп келеді. Нью-Йорк университетіне түсем деген құрдастарыма сабақты жақсы оқыңдар дер едім. Екіншіден, шетелдік университеттер оқушыға грант берерде оның қызығушылықтарына назар аударады. Сондықтан әр бала өз хоббиін тапқаны жөн. Тұлғаның жан-жақты болып қалыптасуы – заман талабындағы сұраныс. Үшіншіден, эссе жазу дағдысы болу керек. Яғни оқушы өз ойын қағаз бетіне еш кедергісіз түсіре алса, нұр үстіне нұр болар еді. Менің ұстанымым – ерінбей еңбек қылып, жалықпай өнер білу» дейді грант иегері.

Арманына бір қадам жақындаған Альбина алдағы уақытта биоинженер саласы бойынша магистратура мен докторантура бағдарламаларын оқуды жоспарлап отыр. «Оқушыларға мамандық таңдаған кезде техникалық мүмкіндіктерді ескеріңдер дегім келеді. Қазіргі кезде инженерия мен робототехника мамандықтарына сұраныс көп. Сондықтан мен биоинженерия саласын таңдадым. Қазір шетелде экология мәселелеріне қатысты қызу пікірталастар жүріп жатыр. Сол үшін болашақта эколог мамандарға да сұраныс артады деп ойлаймын. Келешегі жоқ мамандықтарға аудармашы мен бухгалтерді жатқызамын. Болашақта роботтар бұл сала мамандарының қызметін атқара алады. Қазіргі мамандықтар тек техникалық және гуманитарлық деп бөлінбейді. Әртүрлі салалардың түйісуінде пайда болған қызықты мамандықтар көп - нейропсихолог, экоаудитор, «жасыл» қалалардың архитекторы, т.б. Замандастарыма ғаламторды тиімді қолдануға кеңес беремін. Бүгінде оқушылар үшін ақпарат айдынында көптеген мүмкіндіктер бар. Халықаралық деңгейдегі конференцияларға, олимпиадаларға қатысуға болады. Грант беретін университеттер де өздері жайлы ақпаратты ең бірінші ғаламторға жариялайды. Өкінішке қарай, балалардың көбі қаншама сағатын қолдарындағы смартфондарда өткізсе де тиімді пайдалана алмай жүр. Тіпті олар мұндай мүмкіндіктердің бар екенінен де бейхабар» деді Альбина.

Жан-жақты болуды жанына серік еткен Альбинаның алар асуы әлі алда. Біз кейіпкеріміздің білім жолындағы ізденісіне тек қана сәттілік тілейміз!



# ҚЫТАЙ КЕДЕЙШІЛІКТІ ҚАЛАЙ ЖЕҢДІ?

**Кедейшілік – әлемдегі кез келген елдің әлеуметтік, экономикалық дамуын тежейтін басты себептің бірі. Біріккен Ұлттар Ұйымы даму бағдарламасының дерегіне сүйенсек, қазіргі таңда әлемнің 2 миллиард 200 миллион тұрғыны кедейліктің құрсауынан шыға алмай отыр. Бұл бүкіл адамзаттың 14 пайызын кедейлер құрап отыр дегенді білдіреді. Мұның 11 пайыздан астамы тақыр кедей. Яғни әлем тұрғындарының 11 пайызы денсаулық сақтау, білім беру, сумен жабдықтау және санитария сияқты негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкін емес жағдайында өмір сүреді. Сондай-ақ әлем бойынша 780 миллионнан астам адам халықаралық ең төменгі кедейлік шегі көрсеткішінен (1,9 доллар) төмен жағдайда күнелтеді.**



qaliakbarkz@gmail.com
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

### КЕДЕЙ ДЕП КІМДЕРДІ АЙТАМЫЗ?

БҰҰ-ның тұжырымына сәйкес, күніне 5,5 АҚШ долларына күн көретін адам кедей, 1,9 доллардан аз ақшаға күнелтетіндер тақыр кедей деп есептеледі. Соңғы жылдары әлемде кедейлер саны біртіндеп азайғанмен, әлемді жайлаған COVID індетінен кейін қыруар өндіріс орындары тоқтап, жасыл шарда жұмыссыздық көрсеткіші 2 есеге артты. Осы жағдайға байланысты БҰҰ «әлемде аштық пен жұмыссыздық күрт көбейді» деп дабыл қағып, әлем елдерін кедейлікпен белсенді күресуге шақырған болатын.

Дүниежүзілік банктің есебінше, Қазақстанда күніне 1,9 долларға өмір сүретін тақыр кедей жоқтың қасы. Бірақ 5,5 доллар бойынша есептесек, біздің елде де кедейлік көрсеткіші тым төмен емес. Мәселен, елімізде кедейлік көрсеткіші 2002 жылы 28 пайыз болса, 2009 жылы бұл көрсеткіш 2 пайыз төмендеген. 2019 жылы еліміздегі кедейлік көрсеткіші 9 пайызға дейін түскенмен, пандемиядан бері қайта көбейді, келер жылға дейін бұл көрсеткіш 12 пайызға дейін артуы мүмкін деген болжам да бар.

Кедейліктің себебі көп болса да, БҰҰ кедейліктің басты себебі ретінде жұмыссыздық пен климаттың өзгерісін атайды. Мәселен, 2020 жылы COVID-19 індетінің таралуына байланысты еңбек нарығында қысқартылған жұмыс орындарының саны қаржы дағдарысы болған 2009 жылға қарағанда төрт есе артқан. Міне, дәл осындай қысылтаяң сәтте көрші ел Қытайдың «Қытай халқы кедейліктен құтылды» деп әлемге жар салғаны үлкен жаңалық болды.

### ҚЫТАЙ ХАЛҚЫ КЕДЕЙЛІКТЕН ҚҰТЫЛДЫ МА?

Әрине, қазір Қазақстанда Қытай туралы айтсаң, жұрттың көбі теріс айналады. Бұрын Қытайды жақын көрші, дамыған ел ретінде қарайтын қазақстандықтардың көңілінде бүгінде «біздің елге басты қауіп Қытайдан» деген күдік басым. Сонымен қатар Қытай билігінің соңғы кездері Шыңжаңда жүргізген саясаты да тек қазақстандықтарды ғана емес, бүкіл әлем халқын тіксіндіргені шындық. Сосын да шығар, соңғы жылдары Қытайға қарсы негатив көзқарастар жиі айтылады да, Қытайдың дамуында маңызды рөл атқарған, біздің елдің дамуына, халық тұрмысының жақсаруына тиімді тәжірибелер көп айтылмай жатыр десек, соның бірі – Қытайдың кедейшілікпен күрес тәжірибесі.

2021 жылы 25 ақпанда Қытай астанасы Бейжінде өткен «Кедейліктен құтылудың шешуші шайқасын бүкіл мемлекет бойынша қорытындылау жиналысында» ҚХР төрағасы Си Цзиньпин: «Біздің халықтың кедейлікпен күрестегі шешуші шайқасымыз тұтастай жеңіске жетті. Қолданыстағы критерий бойынша 98,99 млн кедей тұтасымен кедейліктен құтылды. 832 аудан кедей атымен қош айтысып, 128 мың қыстақ кедейлік қамытынан шықты. Біз тұтас өңірлерді қамтитын кедейлік мәселесін шешіп, абсолютті кедейлікті жою сынды міндетті орындап, адамзат тарихында тасқа таңбаланатын тағы бір ғажапты жасады» деп жариялады.

БҰҰ-ның санағы бойынша Қытай 1978 жылға дейін кедей елдердің қатарында еді. Сол кездегі жалпы ішкі өнімі Африка құрлығындағы ең артта қалған Замбияның көрсеткішімен шамалас болатын. Алайда Қытайдың ұлы реформашысы Дэн Сяопиннің «Реформа жасап, сыртқа есік ашу» саясатынан кейін Қытай ұшқан құстай дамып, 40 жылда кедей, мешеу елден дамыған елдердің қатарына қосылып, дүниедегі ең алпауыт ел – АҚШ-пен үзеңгі қағыстыратын деңгейге жетті. Халқын кедейліктен құтқарды.

### АМАЛЫ БАРЛЫҚ ЕЛ ҮШІН БАҒАЛЫ

Жоғарыда айтқанымыздай, өткен ғасырдың 80-жылдары Қытай экономикалық реформасын бастаған тұста ондағы 1 млрд халық Қытайдың өз есебімен де, БҰҰ өлшемімен де кедейлік санатында тұратын. 40 жылдық реформа мен есікті ашудың нәтижесінде 800 млн-ға жуық қытайлықтың кедейлік қамытынан сытылып шыққандығы және оның ДЖБ өлшеміне сай Жер шарындағы кедейліктен құтылған халықтың 70 пайыздан астамын құрағаны БҰҰ мен халықаралық қауымдастық тарапынан мойындалған-ды. Мысалы, 2002 жылы қытайлықтардың 99 пайызы төмен кірістілер санатында болатын. Айлық кірісі 1000 юанға жетпейтіндер 1,008 млрд адамды (жалпы халық санының 84 пайызы), 2000 юанға жетпейтіндер 1,25 млрд адамды (97 пайыз) құрайтын-ды. 2012 жылы Қытай билігі «кедейлерді нақтылы сүйемелдеу» бағдарламасын жолға қойды. Содан бастап бұл бағдарлама мемлекеттің маңызды қызметтер қатарынан ешқашан түсіп көрген жоқ. Яғни бұл қызметті ел басшысы өз бақылауына алып, кент басшыларына дейін міндет жүктелді. Мемлекеттен қыруар қаржы бөліп, оған жергілікті бюджеттен үстемелеу арқылы қаржының өнімді жұмсалуына кепілдік етті. Нәтижесінде 10 жылға жетпейтін уақытта 100 миллион адамды кедейліктен құтқарды.

Әрине, Қытай билігінің бұл мәліметіне сенбейтіндер де баршылық. Мәселен, Дүниежүзілік банктің кейбір сарапшылары «Қытайлықтардың жан басына шаққандағы кірісі табысы жоғары елдердегі орташа көрсеткіштің төрттен бір бөлігін ғана құрайды, сондықтан Қытайда 5,5 долларлық көрсеткіш деңгейінде күн көретіндердің саны аз емес» деген уәжді алға тартып, бұл елде 373 миллион адам әлі де жоқшылықтың тақсіретін тартып отыр деп санайды.

> Біздің халықтың кедейлікпен күрестегі шешуші шайқасымыз тұтастай жеңіске жетті. Қолданыстағы критерий бойынша 98,99 млн кедей тұтасымен кедейліктен құтылды. 832 аудан кедей атымен қош айтысып, 128 мың қыстақ кедейлік қамытынан шықты

Қытай Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2012 жылы ауыл тұрғындарының жан басына шаққандағы орташа таза табысы – 7019 юань, ал қала тұрғындарының жан басына шаққандағы орташа табысы 21,986 юанды құраса, 2020 жылы ауыл тұрғындарының жан басына шаққандағы орташа табысы 15204 юанға, ал қала тұрғындарының жан басына шаққандағы орташа табысы 40378 юанға жеткен. Оның үстіне, Қытай экономикасының өсу қарқыны жылына орташа есеппен 7 пайызды құрайды. Дүниежүзілік валюта қорының келтірген мәліметіне қарағанда, кей жағдайларда Қытай экономикасының өсу қарқыны 13 пайызға дейін жеткен. Бұл да Қытай билігінің кедейліктен құтылдыру бағдарламасын қыруар қаржымен қамтамасыз етті.

Ал Қытай экономикасының тез даму себебіне келсек, бұл ел ондаған жылдар бойы арзан тауарлардың өндірісі мен экспортын жолға қойды. Бұл өз кезегінде әлемдегі ең арзан тауарларды құрастыруға, сатуға негізделген экономиканың өсу стратегиясын қалыптастырды. Соның арқасында қазіргі уақытта Қытай әлемдегі өндіруші әрі жабдықтаушы елге айналды. Тіпті Қытайдың арзан тауарларын сатумен шұғылданатын, транзакциялық мәмілелерді жүзеге асыратын арнайы компаниялар да ашылды. Сонымен қатар Қытай билігі жекеменшік өндірісшілерді өз өнімдерін экспортқа шығаруға ынталандырып, шетелге тауар шығарса, салықтан босатты, халықаралық бәсекеге төтеп беру үшін қосымша қаражат та берді. Бұл Қытай кәсіпкерлеріне үлкен демеу болды да, өз өндірісін өркендетіп, шетелдерге дейін ірге кеңейтуіне мүмкіндік берді. Қытай экспортының 90 пайыздан астамы жекеменшік секторға тиесілі болуының себебі, міне, осы. Бұл Қытай экономикасының өсуіне және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге негіз болған басты себептер десек, халықты кедейліктен құтылдыруда Қытай билігі төмендегідей тәсіл қолданды.

### ҚАРЖЫНЫ ЖЫРЫМДАСА – ЖАЗА АУЫР

Бірінші, мемлекет қазынасынан кедейлерді сүйемелдеуге арнаулы қаржы бөліп, қаржы мөлшерін жыл сайын арттырып отырды. Мәселен, 2011 жылдан 2014 жылға дейін Қытайдың кедейлікпен күресу үшін жұмсаған қаржысы 27,2 миллиард юаннан 43,3 миллиард юанға дейін өссе, 2019 жылы бұл сома 126,095 млрд юанға жетті. Былайша айтқанда, Қытай кедейліктен құтылдыруға қыруар қаржы бөліп, оның бір тиынына дейін қайда жұмсалғанын қатаң қадағалап, кедейлерге бөлінген ақшаның басқа жаққа жырымдалып кетуінің алдын алды. Кедейлерге бөлінген ақшаға қол сұғып, жемқорлық жасағандарды түрменің түбінде шірітіп, барлық мүлкін тәркіледі, жазасы ауырларын атты. Соның нәтижесінде Қытайда мемлекеттік бағдарламаларға бөлінген қаржы көп жағдайда басқа елдердегідей «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетпейді.

Екінші, алдымен кедей өңірлерді анықтап, ол өңірлерге жол, су, электр желісінің жеткізілуіне, инфрақұрымдарының кемелденуіне кепілдік етті. Сонымен қатар кедейлерді сүйемелдеу жұмысын облыс, аймақ, аудан, ауылдардың қызметін бағалаудың басты талабы етіп, жыл соңында міндеттің орындалуын қатаң қадағалап отырды. Соның нәтижесінде Қытайда барлық елді мекендерге дейінгі жолдар жаппай асфальттандырылып, жарық жеткізілді. Ал жарық жеткізу мүмкін болмаған өңірлерге күн энергиясы арқылы жарық тарату құрылғысы тегін таратылды.

Үшінші, «кедейлерді дәлме-дәл сүйемелдеу» әдісін жасап, әрбір кедей отбасына архив тұрғызып, не себеппен кедейлескенін (ауру себебінен бе, еңбек күшінің жоғынан ба, қаржының жоғынан ба) анықтап алып, сол себепке қарай әр отбасын кедейліктен құтылдырудың жоспарын жасады.

Төртінші, кедейлерді тегін баспанамен қамту үшін бір кедей отбасына баспана салуға 45000 юань (Қазақстан теңгесіне шаққанда 3 миллион теңге шамасында) қайтарымсыз қаржы бөлінген. Сонымен қатар отбасы мүшелерінің еңбекке жарамдылық жағдайына қарай жұмыспен қамтып, бір отбасының айлық кірісін ауылдарда 3000 юаннан, аудан-қалаларда 4000 юаннан түсірмеуге кепілдік етті.

Бесінші, бір кедей отбасына бір үкімет кадрын жауаптандырып, бір үкімет қызметкері бір отбасын кедейліктен құтылдыруға міндеттелді.

Алтыншы, қаржының кейбір бөлігі кедейлердің сауатын ашуға, белгілі бір кәсіпке оқытуға жұмсалады. Ондағы мақсат – кедейлерге қолымен ғана емес, ақыл-оймен жұмыс істеуіне мүмкіндік беру. Содан кейін сол аймақтарда іске қосылған зауыт, фабрика басшыларына (инвесторларға) сауатын ашқандарды жұмыспен қамтуларына жағдай жасауды міндеттейді.

Жетінші, үкімет кәсіп ашамын деген кедейлерге 3 жылға өсімсіз қарыз беріп, мал бақса, егін салса қосымша қаражат беріп, олардың кәсібінің дөңгелеуіне, өнімдерінің тез сатылуына кепілдік етіп отырды. Кедейлер несие алу үшін кепілдік зат қоймайды, қаптаған құжаттар жинамайды. Алайда орынсыз жерге жұмсалып кетпеуі қатаң қадағаланады.

Қысқасы, Қытай халқы кедейліктен толық құтылды ма, жоқ па, ол маңызды емес. Бізге және әлем елдеріне керегі – Қытайдың халқын кедейліктен құтылдыруға қолданған амалы. Осы тұрғыдан алғанда, бұл тақырып әлі де індете зерттеуді қажет етеді.

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ



## 2 АДАМ КӨЗ ЖҰМДЫ

**Иракта мукормикоз ауруынан 2 адам көз жұмды. Жалпы қара зең 4 тұрғыннан анықталған. Індет елдің оңтүстігіндегі Ди-Кар ауданында тіркелген.**

Билік бұл өлім коронавирустың салдарынан болғанын айтады. Бірақ жергілікті мамандар бұл кесел иммунитеттің әлсіреуімен қатар, топырақтың ластануынан да болуы мүмкін деп отыр. Еске сала кетейік, мукормикоз немесе қара зең ауруы әдетте топырақта, өсімдікте, шіріген жеміс-жидекте кездесетін микробтан тарайды. Үндістанда бұл ауруға коронавирустан жазылған азаматтардың шалдығуы жиілеген. Сондықтан ауру коронавирусты емдеу кезінде қолданылған дәріден болуы мүмкін деген болжам бар. Мысырда қара зең дерті жеті адамнан анықталды.



## НАТО-ға СЕС КӨРСЕТПЕК

**Ресей мен Беларусь биыл қыркүйекте өтетін «Батыс-2021» әскери оқу-жаттығуына қарқынды дайындалып жатыр. Ресей Қорғаныс министрі Сергей Шойгудың мәліметінше, бірлескен әскери шара екі елдің полигондарында жүреді.**

Беларусь президенті Александр Лукашенко НАТО тарапынан белсенділік артып, қатер төнсе, Ресей әскері ел аумағына жылдам келеді деп ескертті. Ол мұндай мәлімдемені Сочиде Ресей басшысымен кездесуден кейін жасады. Ресеймен тұтас бірігіп кетпейтінін де еске салған Лукашенко «Егер НАТО тарапынан белсенділік артып, қақтығыс туындайтындай жағдай болса, Ресей әскері ел аумағына бір күннің ішінде жетеді. Оған қажетті әуежайлар мен базалар белгіленіп қойған» деді. Өткен аптада Александр Лукашенконы оппозициялық журналист Роман Протасевичті ұстау үшін Ryanair ұшағын Минскіге әдейі қондырған. Бұл әлем елдерінің наразылығын қозғады.

## COVID-19 ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

**Байден АҚШ-тың барлау органдарына бұйрық беріп, COVID-19 вирусының қайдан шыққанын 90 күн ішінде тауып шығуды тапсырды. Жаһандық пандемияға ұласқан індет алғаш рет 2019 жылдың соңында Қытайдың Ухань қаласында тіркелген болатын. Әлемге кең тараған қауіпті вирусқа 170 млн адам жұғымдалып, 3,5 миллион адам көз жұмды.**

Індеттің қайдан пайда болып, қалай тарағаны туралы көптеген болжамдар мен таласты пікірлер бар. Қытай ресмилері таратқан мәліметте вирус Ухань қаласындағы теңіз өнімдері базарынан тараған делінген. Эксперттердің көбі вирус жануардан адамға жұққан дегенге тоқтайды. Бірақ соңғы уақытта АҚШ ақпарат құралдарында вирустың Қытайдағы зертханадан тарағаны туралы мәліметтер жиі айтыла бастады. Егер індет ошағы Қытайдағы лаборатория болса және оның таралуына байланысты алғашқы есептерді Қытай билігінің жасырғаны расталса, Қытай тұтас әлем алдында індет зардабы үшін кінәлі болуы мүмкін.



## АҚШ ПЕН РЕСЕЙ КЕЛІСЕ АЛМАДЫ

**АҚШ ашық аспан туралы келісімшартты қалпына келтірмейді. Бұл туралы Ақ үй басшысы Джо Байден мәлімдеді.**

Америка Құрама Штаттары ашық аспан келісімінен шығатынын хабарлағаннан алты ай өткен соң, былтыр 22 қарашада өз елінде құжаттың күшін тоқтатқан. АҚШ-тың бұл қадамы әлемдегі қару-жарақты таратпау ісіне көп зардабын тигізді. Былтыр тараптар арасында жаңа келісімге қол жеткізу мүмкіндігі болғанмен, ресми Мәскеу Вашингтонның бұл әрекетіне теріс реакция танытты. Аталған келісімге 1992 жылы Хельсинкиде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше 23 мемлекеттің өкілдері қол қойды. Құжаттың қабылдануына Мәскеу белсенді атсалысқан. Келісім 2002 жылы күшіне енген. Оның шарттары бойынша келісімге қол қойған 34 ел әскери күші мен мекемелері туралы ақпарат жинау үшін бір-бірінің аумағына қысқа мерзімге қарусыз ұшақ жібере алады.

# КҮШ АТАСЫ КІМНЕН ЖЕҢІЛДІ? НЕГЕ?

*(Соңы. Басы газетіміздің 60, 61-нөмірлерінде)*

Жастығына қарамай денесін май басқан Циклоп Беньковский кілемге маң-маң басып келді. Оның жанында Мұқан бас білмеген тайдай құлдырандайды.

Циклоп Беньковский халықаралық біріншіліктердің талай рет жеңімпазы атанған палуан болатын. Жалтыр басты, толық денелі, оны көрген адам ертегідегі жалғыз көзді дәудің өзін көргендей әсер алары сөзсіз еді. Түсі қорқынышты Циклоп аса шебер күресетін. Күллі Ресейге аты жайылған Беньковскиймен әлі толысып-піспеген Мұқан сынға түспек.

Ә дегенше адуынды айқас басталып та кетті. Бірден Мұқанды умаждай салмақшы болған қара дәу кілемнен оны әлсін-әлсін тықсырып, қомданған бүркіттей қайта-қайта бас салып, шүйіле түседі. Мұқан болса бүркіттің шеңгеліне түскен тағыдай бірер рет оның құрсауында қалды да, әп-сәтте есебін тауып, сытылып шықты.

Айқас уақыт өткен сайын шиеленісіп, палуандар бір-бірін тізе бүктіре алмады. Залдың алдыңғы жағындағы орындықта қатар отырған Фатима мен Вейланд Мұқанмен шықпаған жаны бірге. Ол қиналса қиналып, оның қабағы кірбің тартса, бұлар да ренжіп қалады. Алғашқы күнгі айқас бір сағатқа созылып, палуандар жеңісе алмады. Айқастың жалғасы келесі күні өтеді деп хабарланды.

Үйге келе салысымен Вейланд пен Фатима Мұқанды ортаға алды. Мұқан алғашқы жиырма минутта Циклоп сынды ауыр салмақты палуанның сырт жағына өтіп кетіп, үш-төрт рет лақтыратын болса, сол әдістің бірі нәтиже беруі мүмкін деген пікір айтты олар. Мұқан бұл ақыл-кеңесті құп көрді.

Келесі күні Мұқан алғашқы бес минуттың өзінде Циклоптың сыртына үш рет өтіп, оны үш мәрте көтеріп, кілем үстіне лақтырды. Сондай лақтырудың бірінде ол тырқия құлап, Мұқан халықаралық жарыстың бас бәйгесі – бес жүз сом ақшаны олжалады.

***

Сонымен, көп ұзамай Минскідегі халықаралық біріншілік басталып та кетті. Бұған Петр Бредихин, Иван Цепник, Уралец Андреев, Пауль Шмидт, Луц, Калинин, Феофан Лавренев сияқты майталман атлеттер де қатысты.

Соқыр жеребе бойынша ол алғашқы күні-ақ ең мықты палуан Пауль Шмидтпен шайқасқа түсті.

Пауль Шмидт Еуропа біріншілігінде жүлде алып, атақты Поддубныйдың өзімен де жекпе-жекке түсіп жүрген палуан еді. Ал Мұқан болса әлі аты шыға қоймаған, палуандар әлемінде белгісіз, сондықтан болса керек, Шмидт оны әлсіз қарсылас санап, тіпті айқасқа алдын ала дайындалуды да қойды. Белдесуге шығар киімін киіп алды да, енді тек төрешінің ысқырығын күтті. Вейланд болса Мұқанды жарысқа суытқан арғымақтай дайындап, маңдайынан шып-шып тер шыққанда барып үстіне шапанын кигізді.

Досын аренаға шығарып жатып:

– Мұқан, сақ бол, Шмидт өте айлалы палуан, – деді ол.

Шартпа-шұрт айқас басталып кетті. Алғашқы минуттарда Шмидт басымдылық танытты.

Айлалы, тәжірибелі палуан жас палуанға дес бермей, екі-үш рет партерге түсіріп кетті. Мұқан ойынның алтыншы минутында барып ес жиып, қарсыласына айбар көрсете бастады. Вейландқа қарап еді, ол енді «өзің шабуылға шық» дегендей емеурін байқатты. Бағаналы бері қарсыласының айтқанына көніп, айдауына жүріп келген мінезі күрт өзгеріп сала берді. Екі рет ішке кіріп кетіп, белден қапсыра құшақтады. Бірақ әдісқой Шмидт екі ретінде де солға аунап түсіп, етпетінен жатып алды. Партерде жақсы күресе алмайтын Мұқан екі ретте де оны босатып алды.

Сонымен, алғашқы он бес минут нәтиже бермей, палуандар демалысқа шықты.

– Үзіліс кезінде Вейланд досынан:

– Мұқан, қарсыласың партерге түскенде, неге әдіс-айла қолданбайсың? – деп сұрады. – Шынымды айтсам, не істерімді білмей, сасқалақтап қалам да, құрсаудан шығарып алам, – деді Мұқан ойын жасырмай.

– Онда жақсылап тыңда, енді сен әлгіндегі әдісіңді қолданып, Шмидті партерге түсір, сонан соң белінен қапсыра құшақтап, оңға қарай лақтыр. Үш рет осы әдісті қолданып көрші, бірі болмаса бірі нәтиже берері сөзсіз.

Палуандар айқасты қайта жалғастырды. Енді Мұқан ширақ қимылдап, Шмидті кілемнен тықсыра бастады. Сондай бір сәтте Шмидті тағы да партерге түсірді.

Енді ол күшін жиып алды да, қаннен-қаперсіз жатқан қарсыласының белінен қапсыра құшақтап алып, оңға қарай лақтырды. Шмидт абайсызда жауырынымен кілемге түсті. Төреші Мұқанның қолын көтерді. Фатима мен Вейландтың қуанышында шек болмады.



1913 жылы Троицк қаласында, соңынан атағы әлемге әйгілі болған чемпионат өткізіледі. Чемпионатқа қатысушылардың сапында атақтары бүкіл әлемге белгілі Пауль Шмидт, Юхан Тигане, Пьер де Колосс, Петров, тағы басқалары болатын. Күрес майданына шыққан 18 палуанның бәрі де өз елдерінің чемпиондары еді. Көшпелі цирктің қожасы Стрепетов мырза бірінші жүлдені Юхан Тиганенің қолына ұстату шараларын қарастырып көреді. Бірақ ойлаған ойы орындалмайды. Қажымұқан бастаған бір топ палуан әділ күресті тілейді. Әділ күрестің нәтижесінде қазақ палуаны бас бәйгені алып, үлкен алтын медальге ие болады.

Бұл баяндалған күрестің бәрі Қажымұқан үшін өте қиын, әдіс-айласы көп французша күрес бойынша еді. Шынын айту керек, ол кезде Еуропада, негізінен, осы французша күрес кең тараған еді.

Ал Америка құрлығында, негізінен, еркін күрес қолданылатын. Қажымұқан – америка еркін күресінен ешкімнен жеңіліп көрмеген палуан. Еуропаның барлық атақты палуандары «еркін күрестен Қажымұқанды жеңу мүмкін емес» деп күресуден қашады екен.

Мұқан Еуропа қалаларында өткен еркін күресте ешкімнен жеңілмеген. Мұқан еркін күрестен өзінің бірінші алтын медалін 1909 жылы Кельн чемпионатында жеңіп алған.

1910 жылы Мұқанды арнаулы телеграмма жіберіп, Оңтүстік Америкаға, яғни Аргентинаның астанасы Буэнос-Айреске шақырады. Ол еркін күрес бойынша Америка чемпионы атағына ие болады.

Мұқан америка еркін күресіне бейім палуан болатын. Мұқан өзінің осы сапарында Джо Моро, Чемберс Ципс атты әйгілі америкалық палуандарды тізе бүктіріп, олжалы қайтқаны күмәнсіз.

Қажымұқан Америка құрлығында бір емес, екі рет (1910, 1914 жж.) болған.

1910 жылы аяғы ауыр әйелі Бәтиманы Еуропада қалдырып Америкаға аттанып, Американың бар палуанын жеңіп оралады.

1914 жылы Нью-Йорктегі жеңісі туралы Әлімқұл Бүркітбаев «Қажымұқан» атты зерттеу еңбегінде «Қажымұқан Нью-Йоркте бір айдан астам болды. Құрлықтың ең күшті атлеттерімен айқасып, шетінен жықты.

...Бұл жеңісті сол кездегі жергілікті газеттер қаз-қалпында жазды. Баспасөздің жалпы пікірі мынадай болды: «егер де қазір Америка жерінде еркін күрестен әлемдік чемпионат өткізілсе, чемпиондық тұғырға тек Қажымұқан көтерілетініне зәредей де күмән жоқ» дейді

Америкадан соң Мұқан Африка елдеріне аттанады. Египет жерінде болған күрестерде өзінің барлық бәсекелестерін жеңеді. Бұл жолы да Мұқанмен бірге бұрыннан Еуропа қалаларында өткізілген чемпионаттардан таныс палуандар да болады.

Мұқанның араб, мұсылман елдерінде өткен күрестегі табыстары ерекше. Бұл жолы қазақ алыбының алдында бас иген палуандар арасында есімі бүкіл шығыс еліне белгілі Мамбу, Ахмет, Салах, Жүсіп, Мұстафа, Махмұт және басқалар бар еді.

Ыстанбұл, Мекке, Мәдине қалаларында болған зор жеңістерден кейін Мұқанға «қажы» деген атақпен қатар «мұсылмандардың ең күшті палуаны» деген атақ қосылды. Палуанның чемпиондық лентасында осындай жазуы бар (араб және орыс әрпімен жазылған) алтын, күміс медалі тағылған суреті кейбір газеттердің бетіне басылып шыға бастайды.

Қазақ палуаны «Қажымұқан» деген атпен Ресейде бірінші рет Саратов қаласында ағалы-інілі Никитиндер циркінде шықты.

Қажымұқанның жалғыз өзіне ғана тән жігері мен батырлығын, бойына әрең сыйып тұрған бұла күшін 1914 жылы Харбин қаласында жапондықтар ұйымдастырған джиу-джитсу күресінен көреміз. Бұл арада (французша күрестің чемпионаты біткеннен соң) әлемге әйгілі Еуропадан келген палуандардан аса алмайтынын бұрыннан жақсы білген жапон палуаны Саракики Жиндофу оларды жапон күресіне шақырады. Еуропа палуандары үшін бұл күрес – белгісіз, құпиясы көп күрес.

Жапондар шығыс айқасының төресі атанған джиу-джитсу ғана олардың ар-намысын қорғап қалады деп түсінген. Олардың бұл ойларының іске аспауына да қазақ палуаны себепкер болады. Шиеленісіп, қан төгілген айқас кезінде Қажымұқанның құлағы, еріні жыртылады, денесіне пышақ кескендей таңба түседі. Ал Саракики үшін бұл күрес соңғы күрес болды. Ресми жазулы деректер бойынша басы сынған, миы шайқалған жапон чемпионы көп ұзамай қайтыс болады.

Бұл оқиғаны өз көзімен көрген, осы чемпионатта Ресей палуандарының құрамында болған палуан Феофан Лаврентьев былай деп жазыпты: «Вызов японца Саракики ошеломил русских богатырей. Никто не решался выйти против него. Самым смелым оказался Хаджимукан. Схватка была жестоким. Хаджимукан получил повреждение, но победил. Радости наших не было предела. Ведь он защитил честь нашей России».

Қажымұқан палуанның өзі бұл жайында:

«Жайылған жер дүниеге менің ісім,

Адамды таңдандырған қара күшім.

Ойлаған өлтірмек боп Сар-Кек-Кидің,

Сыпырғам түлкідей ғып бас терісін» деп әнге қосқан екен.

Қажымұқан әлемнің ең үлкен континенті – Азия чемпионы.

Оны жалғыз ғана «мұсылмандардың ең мықты палуаны» деп қоймай, «Жапония, Корея және Манчжурия» чемпионы дейтіні сондықтан.

Қажымұқан 1916 жылы Орынбор қаласындағы Камухин циркінде үлкен халықаралық чемпионатқа қатысады. Қазақ палуанына үлкен сый-құрмет көрсетіледі. Ол кездегі чемпионат тәртібі бойынша бенефис, яғни жеке палуан құрметіне кеш өткізілетін. Сол күні жарнамада былай деп жазылған еді:

«Бүгін – спорттық-атлетикалық үлкен көрініс. Атақты палуан Қажымұқанның құрметіне бенефис болады. Барлық әртістер қатысады. Бүгін Қажымұқан мырза кеудесіне бөрене ұстап, оған 40 адам отырғызып, 200 пұт салмақты көтеріп тұрады. Қажымұқанның үстінен адамдар тиелген 6 күйме өтеді және басқалар» делінген. Ол кезде бенефис тек дүние жүзі чемпиондарының құрметіне өткізілетін.

Дүние жүзі чемпионының құрметіне өткізілген Орынбор бенефисі Қажымұқанның таңғажайып палуандығының, керемет өнерінің бір өтеуі еді.

Ендеше Қажымұқан – кәсіпқой күрестің үш түрінен, атап айтқанда: еркін күрестен, французша (грек-рим) күресінен, джиу-джитсу күресінен әлем чемпионы. Ол – кәсіпқой спорттың жарық жұлдызы, қазақ халқының бағына біткен күш атасы, қайталанбас біртуар тұлға.



21:00 Информационный канал – аналитическая программа «7 күн»
22:00 В прямом эфире «Большая неделя»
23:00 Мегахит. «Вердикт за деньги»
1:00 «Pro SPORT»
1:30 «Әзіл кеші»

**ASTANA TV**

6:00 Қаламгер
6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 «Үздік әзілдер»
8:00 М/ф «Маша и медведь»
10:00 TeleBingo. Прямой эфир
10:25 «Тұмарым» үнді телехикаясы
12:00 «Қызым» түрік телехикаясы
13:00 «Қайсар ханша» корей телехикаясы
14:30 К/ф «Доспехи Бога»
16:30 «Алдараспан»
18:00 «Мәриям» түрік телехикаясы
20:00 «Тәуелсіздік жолы»
20:25 Үздік әндер
20:45 Аялы алақан
21:00 «Қызым» түрік телехикаясы
22:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
23:10 «Қайсар ханша» корей телехикаясы
0:20 «Bas times» бағдарламасы
1:30 М/ф «Секретная миссия Санты»
3:00 «KazNet» ғаламторға шолу
3:20 «Әзілстан» жасырын камера
3:40 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
5:10 «Үздік әзілдер»

6:00 «ТЕРРА НОВА» телехикаясы
7:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:55 «ТАМАША CITY» бағдарламасы
8:45 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9:00 «СТРЕКОЗА»
14:50 «ЧУЖОЙ ДЕД»
16:00 «ТРИ АККОРДА». НОВЫЙ СЕЗОН
18:00 «БІЗДІҢ ЕЛ» бағдарламасының тұсаукесері
18:35 «КЕШ ЖАРЫҚ, ҚАЗАҚСТАН!» бағдарламасы
20:00 «АНАЛИТИКА»
20:55 «ТРИ ПЕСНИ ДЛЯ ЗОЛУШКИ»
1:00 «КВН». ВЫСШАЯ ЛИГА
3:00 «П@YTINA+» бағдарламасы
3:45 «БІЗДІҢ ЕЛ» бағдарламасы
4:15 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

**КТК**

07.05 «ӘЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ»
07.50 «50-ге КЕЛДІМ ЕЛІМ ДЕП», ән-шашу (қайталау)
09.30 «СМЕЯТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ»
11.00 «НЕ В ДЕНЬГАХ СЧАСТЬЕ», мелодрама (қайталау)
15.00 «БІР ТАМШЫ ЖАС», телехикая.
17.20 «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ», мелодрама
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с Артуром Платоновым
22.00 «ТРИ ЖЕЛАНИЯ», мелодрама. В главной роли Анастасия Микульчина.
23.50 «ЧУЖАЯ», мелодрама (қайталау)
01.40-04.40 «БІР ТАМШЫ ЖАС», телехикая (қайталау)

06:00 Ризамын (қаз.)
06:30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қаз.)
07:20 «Армагеддон» (қаз.)
08:20 «What's Up?» (қаз.)
08:50 «Bala Battle» (қаз/рус) (қайталау)
09:30 «Готовим с Адель»
10:00 Мультсериал «Лило и Стич»
12:10 Сериал «Ян Гуйфей» (қаз.)
13:10 КИНО. «Хоттабыч» (қайталау)
15:20 КИНО. «На грани» (қайталау)
17:30 КИНО «Невозможное» (қайталау)
19:40 КИНО. «Белый плен»
22:00 КИНО. «Вертикальный предел»
00:40 Сериал «Ян Гуйфей» (қаз.) (қайталау)
02:10 «Полный Блэкаут» (қайталау)
02:50 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері (қаз.)
05:00 Әзіл студио (қаз.)

06.00 Т/п «Гу-гулет»
06.30 Т/п «Айна-online»
07.30 Скетчком «Q-елі»
08.30 Т/п «Япырай»
09.00 Т/п «Юмор! Юмор! Юмор!»
11.00 К/с «Женщина в зеркале»
15.00 Т/х «Мезгілсіз сезім» премьера
16.00 К/ф «Бақытты шақ»
18.10 Скетчком «Q-елі»
18.30 Т/п «Тақиясыз періште»
21.00 К/ф «Из Парижа с любовью»
23.00 К/ф
01.00 Т/п «Юмор! Юмор! Юмор!»
02.30 Скетчком «Q-елі»
03.00 Т/х «Мезгілсіз сезім»
04.00 Т/п «Гу-гулет»
05.00 Т/п «Айна-online»
05.30 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 Телехикая «Өмірдің өзі новелла» (қаз.)
08.45 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (қаз.)
09.05 «Том мен Джерри» (мультхикая, қаз.)
09.50 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.05 «БЕТХОВЕН» (семейная комедия)
11.30 «КУНГ-ФУ ПАНДА» (анимационный фильм)
13.10 «ЛОВИ ВОЛНУ» (анимационный фильм)
14.40 «ГРАНЬ БУДУЩЕГО» (фантастический боевик)
17.00 «PRO - КИНО»
17.15 «САН САУАЛ» (қаз.)
18.10 «Талантым – тағдырым» (қаз. фильм-концерт)
19.45 Әзіл-күлкі бағдарламасы «INSTATV.KZ» (қаз.)
20.10 «ОПМАЙ, ОПМАЙ» (қаз. жаңа маусым)
21.00 «ЯРОСТЬ» (военная драма
01.50 Телехикая «Іңкәр жүрек» (қаз.)
04.30 – 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (қаз.)

**СУРЕТ СЫРЫ**

# ШАНИННІҢ СОҢҒЫ СУРЕТІ



**Суретте режиссер, драматург, Қазақ мемлекеттік музыкалық театрының жетекшісі Жұмат Шаниннің Чеховтың әйелі, актриса Ольга Книпперден гүл алып тұрған сәті. Мәскеу, 1936 жыл. Оң жақ бұрышта тұрғанның бірі – Манарбек Ержанов, екіншісі – Юрий Померанцев.**

1936 жылы Мәскеуде өткен онкүндік «қазақ мәдениетін, Қазақ елін, қазақ халқын әлемге танытудың алғашқы бастамасы» болды. Онкүндік жоғары деңгейде өткеннен кейін орталық қазақ мәдениетін дамытуға қаржы бөле бастады... Әртістердің тұрмыс жағдайын жақсарту үшін Алматыда «Әртістер үйін» салуға (1 млн сом), опера театрын салуға бұрын бөлінген ақшаға қосымша (2 млн сом), хореография мектебіне (1,5 млн сом) қаражат беріледі. Декададан кейін республикада «Ленфильм» киностудиясымен бірге «Амангелді» фильмін түсіру жұмысы қызу басталды.

Ұлы тойдың дүрмегінде шаңға көмілгендей елеусіз қалған режиссер, драматург Жұмат Шанин Мәскеуден қайтар жолда Орал қаласына келгенде, көптен ажырап түсіп қалады. Арада аз ғана уақыт өткен соң тұтқындалып, ажалдың құрсауына ілігеді. Техникалық себеппен перде он минут кешігіп ашылғаны үшін «Сталинге қастандық ұйымдастырмақ болды» деген айып тағылады. Бар болғаны театрдың перде ашатын сым жолы кептеліп, жүрмей қалған.

# ХАЛЫҚ САНАҒЫ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасының ұлттық халық санағы – бірегей жалпымемлекеттік іс-шара. Санақтың мақсаты – соңғы 10 жыл ішінде (санақаралық кезеңде) болған демографиялық, экономикалық және әлеуметтік үдерістер туралы сенімді ақпарат алу. Сонымен қатар халықтың білім деңгейі, неке және отбасы құрылымы және елдің этно-лингвистикалық құрамы сияқты мәліметтерді жалпы санақ кезінде ғана алуға болады. Алдағы санақтың нәтижелері мемлекеттік органдардың қолданыстағы деректер базасын жаңарту үшін жаңартылған және сенімді ақпарат ретінде қызмет етеді.

2021 жылдың ұлттық санағының басты жаңалығы – санақты өткізу процесін автоматтандыру және заманауи сандық технологияларды енгізу, интервьюерлердің үй аралау кезінде электронды планшеттерді пайдалану болмақ. Бұл санақ қызметкерлерінің еңбек шығынын төмендетуге, мәліметтер сапасына адам факторының ықпалын азайтуға, халық санағы деректерінің дәйектілік деңгейін арттыруға, деректер жинау кезінде интервьюерлер үшін қолайлылық пен олардың жинақылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Ұлттық халық санағы дайындық және негізгі кезеңдерінен тұрады. Ағымдағы жылдың маусым айының 1-30 аралығында өтетін дайындық кезеңінде аудандастыруға дайындық жүргізіледі. Санақты аудандастыру – бұл өңірдегі әрбір елді мекеннің аумағын санақтың негізгі кезеңін өткізу үшін нұсқаушылық және есептік учаскелерге бөлу. Арнайы дайындалған интервьюерлер тұрғын үйлер мен тұрғын емес үй-жайлардың, құрылыстардың, сондай-ақ ондағы тұратын тұрғындардың нақты санын анықтау, картографиялық материалға қажетті өзгерістер енгізу мақсатында қаланы аралап шығады.

Үй-жайлар, тұрғын үйлер (тұрғын ғимараттар) және тұрғын емес үй-жайлардың тізімдерін нақтылау ағымдағы жылғы 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында өтетін халық санағының негізгі кезеңіне қала аумақтарын инструкторлық және есептік учаскелерге дұрыс бөлу үшін қажет.

Санақтың дайындық кезеңінің қорытындысы санақ персоналына арналған жүктеме нормасына сәйкес халық санын біркелкі бөлуге және жалпы халықты есепке алу толықтығын қамтамасыз етуге арналған база болып табылады. Қазіргі уақытта Ұлттық статистика бюросының Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінде жалпы саны 27 адамнан тұратын, олардың ішінде 21 адам аудан бойынша уәкіл, ұлттық санақты дайындау және өткізу жөніндегі штаттан тыс бөлім құрылды. Құрылған штат Нұр-Сұлтан қаласы бойынша санақты дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын, нұсқаушы-бақылаушылардың және интервьюерлердің жұмыстарын бақылауды жүргізеді. Дайындық кезеңін өткізу үшін қаладағы белгілі бір мектептерде құрылған нұсқаушы және тіркеу учаскілері бойынша бөлінген 40 нұсқаушы-бақылаушы тартылды. 284 адамнан тұратын нұсқаушы-бақылаушылар интервьюер-тіркеушілердің жұмыстарын үйлестіреді және бақылайды. Үй аралайтын интервьюер-тіркеушілерде Ұлттық статистика бюросының Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментінің мөрімен расталған тегі, аты-жөні және сурет көрсетілген тіркеушінің арнайы куәлігі (бейдж) және халық санағының логотипі бар көк түсті портфелі болады. Интервьюердің жеке басы статистика органдарында нақтылануы мүмкін.

2021 жылдың ұлттық санағы кезінде «1446» бірыңғай call-орталығы жұмыс жасайды. «1446» елдің барлық аумағындағы мобильді және стационар телефондар үшін бірыңғай нөмір болады. Сондай-ақ 8 8000 800 878 нөмірі жұмыс жасайды. Call-орталыққа қоңырау шалу тегін. 2021 жылғы ұлттық халық санағы «Қазақстанда әркім маңызды!» атты ұраны аясында ұйымдастырылады. Әрбір азаматты біздің елдегі маңызды және ерекше іс-шараны дайындау мен өткізуге қатысуға шақырамыз.

## «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының әкімшілік-шаруашылық бөлігі жөніндегі орынбасары бос лауазымына орналасуға конкурс жариялауда

Конкурсқа қатысушылармен әңгімелесуді «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің өкілдері ішінен конкурстық комиссия бейнебайланыстың қашықтық құралдары арқылы немесе Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13 мекенжайы бойынша орналасқан мекеме ғимаратында (анықтама үшін телефон 55-69-59, 55-67-12) (құжаттарды қабылдау мерзімі 15 күнтізбелік күннен тұрады, ол конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі) құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап он жұмыс күннің ішінде жүргізеді.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының әкімшілік-шаруашылық бөлігі жөніндегі орынбасарының лауазымдық жалақысы еңбек сіңірген жылдарына байланысты 144142 бастап 175200 теңгеге дейін.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар:**

**Лауазымдық міндеттері:**

өз міндеттерін әлеуметтік қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі – Орталық) директордың жетекшілігімен және жарақтандыру және қызмет көрсету мәселелері жөніндегі басқа бөлімшелер мен қызметтердің басшыларымен өзара іс-әрекетте орындайды;

шаруашылық шарттарын уақытылы жасау шараларын қабылдайды, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

Орталықтың ғимараттары мен құрылыстарын техникалық қайта жарақтандыру және реконструкциялау жөніндегі перспективалық және ағымдағы жоспарларды әзірлеуді жүзеге асырады;

ұйымды жаңа технологиялық жабдықпен қамтамасыз ету жұмысын ұйымдастырады;

шаруашылық керек-жарақтың сақталуын, оны қалпына келтіру мен толықтыруды, сондай-ақ үй-жайлар мен іргелес аумақтарда тазалықты сақтауды қамтамасыз етеді;

қызмет көрсетуші персоналдың жұмысын басқарады;

ұйымды кеңсе заттарымен және шаруашылықта күнделікті қажет заттармен қамтамасыз ету шараларын қабылдайды;

өртке қарсы заттардың жарамдылығын, үй-жайлардың, жабдықтар мен керек-жарақтың жай-күйін қадағалайды, олардың уақытылы жөнделуін қамтамасыз етеді;

ғимараттар мен құрылыстарға, инженерлік коммуникацияларға, жылу және электрмен жабдықтау құралдарына қызмет көрсету және оларды пайдалану жөніндегі персоналдың жұмысын бақылауды қамтамасыз етеді;

санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың, өрт қауіпсіздігі талаптарының, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының сақталуын қамтамасыз етеді;

қажетті есептерді беруді және олардың дәйектілігін қамтамасыз етеді.

**Білуге тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясын;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін;

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР заңын;

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР заңын;

«Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР заңын;

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР заңын;

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР заңын;

баға белгілеу негіздерін;

көрсетілген қызметтер мен орындалған жұмыстар үшін есеп айырысу тәртібін;

тауарлық-материалдық құндылықтарды сақтау, қоймалау қағидалары мен тәртібін;

есептеу техникасы, коммуникациялар мен байланыс құралдарын пайдалану қағидаларын;

үй-жайлар мен ғимараттардың өрт қауіпсіздігі қағидаларын;

қаржы-шаруашылық қызметті ұйымдастыруды;

шарттар жасау тәртібін;

еңбек пен басқаруды ұйымдастыру, экономика, азаматтық құқық негіздерін;

ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын;

Өрт қауіпсіздігі қағидаларын.

**Біліктілігіне қойылатын талаптар:**

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және жұмыс өтілі шаруашылық қызмет көрсету саласында кемінде 1 жыл.

**Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:**

1) қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы және байланыс телефондары көрсетілген);

4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтамасы.

Азаматтық қызметке тұру кезінде ол адам сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама ұсынады.

Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды қатысушыға қайтару үшін негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпарат бере алады (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнынан басшылықтың ұсынымдары және т. б.).

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар (интернет-ресурста, БАҚ-та, электронды пошта: b.akhmadiyeva@astana.kz конкурсты өткізу туралы хабарландырудың соңғы жарияланымынан кейінгі келесі жұмыс күнінен есептелетін) 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекенжай бойынша: «Нұр-Сұлтан қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13-үй, «Нұрсая 2» ТК, 2-қабат, 15-кабинетке тапсырылуы қажет.

Анықтама үшін телефондар: 55-69-59, 55-67-12.

# ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №63 (4187) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2021 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

| Кезек нөмірі | Тегі | Аты | Әкесінің аты | Кезекке қойылған күні | Санат |
|---|---|---|---|---|---|
| 2994 | ЖУАСБАЕВА | МАДИНА | КЕНЕСБЕКОВНА | 31.01.2011 | Толық емес отбасылар |
| 2995 | КОКУШОВА | РОЗА | ИРГАЗАЕВНА | 31.01.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 2996 | АХМЕТОВ | МУКАЖАН | | 31.01.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 2997 | КАЗЫМБЕТОВА | АЛИНА | АСЛАНБЕКОВНА | 31.01.2011 | Толық емес отбасылар |
| 2998 | КОЖЕКОВА | ГУЛЬНАР | НУРАХМЕТОВНА | 31.01.2011 | Толық емес отбасылар |
| 2999 | ТУРЛИНА | ЛЯЗЗАТ | КАИРГАЛИЕВНА | 31.01.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3000 | АКЫЛБАЕВА | АЙНУР | БОСТАНОВНА | 31.01.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3001 | ДАБУЛОВ | МАРАТ | ТЕМИРХАНОВИЧ | 31.01.2011 | Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер |
| 3002 | ПШЕНИЧНИКОВА | ИННА | ВЛАДИМИРОВНА | 31.01.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3003 | АЛЬМАГАНБЕТОВА | РАУШАН | АДИЛЬХАНОВНА | 01.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3004 | ЕСЕКЕЕВ | РАМАЗАН | КАЗБЕКОВИЧ | 01.02.2011 | Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер |
| 3005 | ШАЛКЕНОВА | АСЕМГУЛЬ | ГАБДУЛЛАЕВНА | 01.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3006 | ОМАРБЕКОВА | УМУТ | ЗАМАНБЕКОВНА | 01.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3007 | КАЛМУРЗАЕВА | ДАНА | НАЛИБЕКОВНА | 01.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3008 | КАЛЫКОВА | ДАНА | КАЙРУЛЛАЕВНА | 01.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3009 | ГАРИФУЛЛИНА | ГУЛЬМИРА | ЖОЛДАСОВНА | 02.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3010 | ИБРАГИМОВА | ЖУЛДЫЗ | СЕРИКБАЕВНА | 02.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3011 | ШАКИМУРАТОВ | АЗАМАТ | АЛМАСОВИЧ | 02.02.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 3012 | ЕДРЕСОВА | ДИНАРА | АХМЕТЖАНОВНА | 02.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3013 | САГЫНДЫКОВ | ДУМАН | ТОЛЕГЕНОВИЧ | 02.02.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 3014 | АБАЙДУЛЛАЕВА | ЗУХРА | ШАРИБЕКОВНА | 02.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3015 | АКИШЕВ | КАЙРЛ | | 02.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3016 | КАРЫМСАКОВА | КАНАТ | ОМИРБЕКОВНА | 02.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3017 | САДВОКАСОВА | КУЛЯШ | | 02.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3018 | АЙТМУРЗАЕВ | САИН | ТУРСЫНХАНОВИЧ | 02.02.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 3019 | ЖУМАТАЕВА | СВЕТА | КАНАЛОВНА | 02.02.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 3020 | БАЙГАЗИНА | КУЛБАРШЫН | КОПЕЗОВНА | 03.02.2011 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 3021 | НИАТБАЕВ | МУХАМБЕТЖАН | АБДРАСУЛЬЕВИЧ | 03.02.2011 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 3022 | МУКАТОВА | ЖАННА | АБДУЛЛАЕВНА | 03.02.2011 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 3023 | КАСЫМОВА | ДАНА | ЕСЛЯМБЕКОВНА | 03.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3024 | МАХМЕТОВА | АЯГОЗ | МАЛИКОВНА | 03.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3025 | ГИЁСОВА | ЖАНАР | АМАНЖУЛОВНА | 03.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3026 | ЮХИМЮК | ТАМАРА | ВЛАДИМИРОВНА | 03.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3027 | АКБАЕВА | НУРГУЛЬ | ТОКТАМЫСОВНА | 03.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3028 | АЛЕНОВА | АЙГЕРИМ | ЖАСУЛАНОВНА | 03.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3029 | КАСЫМОВА | РАУЯ | АЛЫМГАЗЫЕВНА | 04.02.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 3030 | НҰРҚАСЫМ | АСЕМ | ЕРБУСЫНҚЫЗЫ | 04.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3031 | АБДРАХМАНОВА | ЭЛЬМИРА | БЕГИМОВНА | 04.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3032 | НҰРҒАЛИ | БАУРЖАН | АМАНКЕЛДІҰЛЫ | 04.02.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 3033 | БЕЙСЕКЕЕВА | МАРЖАН | АМАНТАЕВНА | 04.02.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 3034 | ЕКИБАСОВА | АЙСЛУ | КАБДУШЕВНА | 04.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3035 | ШАХМЕТОВА | АЛИЯ | ОРЫМБАЕВНА | 04.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3036 | ГАППАСОВА | КАЛИМА | КАЙРБЕКОВНА | 07.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3037 | ХАСЕНОВА | ШОЛПАН | БЕЙСЕНБАЕВНА | 07.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3038 | ГУСАРЕНКО | ПЕТР | МАКСИМОВИЧ | 07.02.2011 | Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер |
| 3039 | АБЗАЛОВА | САУЛЕ | АЛПЫСБАЕВНА | 07.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3040 | ҚАЗЫБАЙ | СЫМБАТ | ЫБЫРАҚЫМҚЫЗЫ | 07.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3041 | МАЯКОВА | КАРЛЫГАШ | БОРАНБАЕВНА | 07.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3042 | КЕНЖЕАХМЕТОВА | АНАРА | ТОЛЕПОВНА | 07.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3043 | УМЕРБЕКОВА | ЖАНЫЛ | БЫЖАКАНОВНА | 07.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3044 | АСКАНБАЕВ | ШОКАН | АБДИКАРИМОВИЧ | 07.02.2011 | Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер |
| 3045 | СУЛТАНОВА | ОРЫНБАСАР | ОМАРОВНА | 07.02.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 3046 | БЕКБАЕВА | РОЗА | УМУРЗАКОВНА | 08.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3047 | САГАЛБАЕВ | СУЛТАН | МАДЫЛКАНОВИЧ | 08.02.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 3048 | АБДРАХМАНОВА | АЙГУЛЬ | КАЙРКЕНОВНА | 08.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3049 | МУСТАФИНА | АЙГУЛЬ | МАНАПОВНА | 08.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3050 | ДИХАНБАЕВА | АМАНАТ | АЛЬМУХАНОВНА | 08.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3051 | БЕГАЛИЕВА | ШАКИЯ | САМЕТОВНА | 09.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3052 | ТУЛЕГЕНОВА | КАЛАМКАС | КАЙРАТКЫЗЫ | 09.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3053 | ДАИТОВА | АНАР | КАБКЕНОВНА | 09.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3054 | МЕНДІБАЙ | АЛМАГҮЛ | ҚАДЫРИЯҚЫЗЫ | 09.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3055 | ИСКАКОВА | КУЛЬБАН | АХМЕТОВНА | 09.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3056 | ТҰТҚЫШЕВА | ҚАРЛЫҒАШ | ОТАРБЕКҚЫЗЫ | 10.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3057 | САБИРОВА | САУЛЕТ | КАЛАУИДЕНОВНА | 10.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3058 | КАЙДАУЛОВА | ГУЛЬФАРИЗА | РАХИМГАРЕЕВНА | 10.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3059 | АБДРАХМАНОВА | РАЙХАН | ЗАИРОВНА | 10.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3060 | БЕКМАГАМБЕТОВА | ДИНАРА | АНАТОЛЬЕВНА | 11.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3061 | КАРИМОВА | ГУЛЬМИРА | НЫГМЕТЖАНОВНА | 11.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3062 | АЛИНА | ЖБЕК | ТЕЛЬЖАНОВНА | 11.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3063 | ТУЛЕУЛЕНОВА | МАРАЛ | ХАМЗИНОВНА | 11.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3064 | КУЛУМБЕТОВА | ХАМИДА | СЕРИКБАЕВНА | 11.02.2011 | Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары |
| 3065 | АБИЛЬМАЖИНОВА | АНАР | МУРАТОВНА | 11.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3066 | ЖАКАЕВА | САРА | СУЛТАНГАЛИЕВНА | 11.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3067 | ИЛЬЯСОВА | ЖАНАРГУЛЬ | АСЫЛБЕКОВНА | 11.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3068 | МУРТАЗАЕВА | АЙНУР | КЕНДЕБАЕВНА | 11.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3069 | СЕИТОВА | АЙНА | АБЕДКУЛОВНА | 13.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3070 | ИБРАЕВА | БОТАГОЗ | ГАЛИМЖАНОВНА | 14.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3071 | КОМЕКБАЕВ | РАШ | ЖАКАЕВИЧ | 14.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3072 | ЗЕЛЕМБАЕВА | АЙЖАН | ТУЛЕПОВНА | 15.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3073 | САБИТОВА | АЛЬФИЯ | МАВЛЮТОВНА | 15.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3074 | ОМАРОВА | ГУЛЬСАРА | ТУКЕНОВНА | 15.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3075 | АБУЛГАЗИНА | ЗОЯ | КАЛАНОВНА | 15.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3076 | АВЕРКИЕВА | ЕЛЕНА | СЕРГЕЕВНА | 15.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3077 | ХУСАЙНОВА | БАТИМА | КОЙШЫМАНОВНА | 15.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3078 | НУРПЕЙСОВА | ОРЫНБАСАР | АБДРАХМАНОВНА | 15.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3079 | БАЯНТАУОВА | АНАР | КАЙРБАЕВНА | 15.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3080 | ЖАҢАБАЕВА | СААДАТ | ЕСКЕНДІРҚЫЗЫ | 15.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3081 | ВАГАПОВА | НАТАЛИЯ | НИКОЛАЕВНА | 15.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3082 | АУБАКИРОВА | НУРБИКЕ | АБЖАЛИЕВНА | 15.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3083 | АЛЬЖАНОВА | КОКЕЙ | | 15.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3084 | БАЙДАШОВА | САУЛЕ | СЕРИКОВНА | 16.02.2011 | Толық емес отбасылар |
| 3085 | ТЛЕУОВА | УМИТЖАН | ЖАКУПБЕКОВНА | 16.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3086 | КАЛИБЕКОВА | ЖУБАЙКУЛ | ШОРАЕВНА | 16.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3087 | ТЛЕУМАГАМБЕТОВ | ШАРИБАЙ | | 17.02.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 3088 | ДОСМАЙЛОВА | МАГИЯ | | 17.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3089 | МЕДЕУОВ | АЛИБЕК | НУРЛАНОВИЧ | 17.02.2011 | 1 және 2 топтағы мүгедектер |
| 3090 | АЛЬМУХАМБЕТОВА | ЕЛЕНА | АНТОНОВНА | 17.02.2011 | Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер |
| 3091 | САБЫРГАЛИЕВ | ДАНИЯР | ЕРБОЛАТОВИЧ | 17.02.2011 | Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адам |

*(Жалғасы бар)*

# МЕРЕКЕЛІК КЕРУЕН

**Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Алматы ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Интернациональный», «Өндіріс», «Теміржолшылар» тұрғын алаптарының бүлдіршіндеріне арналған «Жақсылық керуені» деп аталатын мерекелік шара ұйымдастырылды.**

Шараға «Astana Invest» қалалық инвестицияны дамыту орталығы демеуші болды. Сонымен қатар «Мирас», «Замандас» аула клубтарының өнерпаздары да өздерінің концерттік бағдарламасын ұсынды. Бұл шара аталған аудандағы Күйші Дина, Р.Қошқарбаев, К.Әзірбаев көшелеріндегі көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларында жалғасты.

Мерекеге орай Алматы ауданы әкімдігінің қолдауымен түрлі форматтағы 8 шара өткізіліп, ауданның кішкентай тұрғындарына қуаныш сыйлады.

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы 17.05.2021 №502-1712

### Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекіту туралы

«Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 тіркелген) бұйрығына және Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекіту жөніндегі комиссия отырысының 2021 жылғы 18 наурыздағы № 1 хаттамасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшері бекітілсін.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары М.Е.Бектұроваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі облысының /қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 21.05.2021
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №2-1-1325 болып енгізілді

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2021 жылғы «17» 05 №502-1712 қаулысына қосымша**

### Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшері

| Р/с № | Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының атауы | Өлшем бірлігі | Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшері | Әрекет ету мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тауық жұмыртқасы 1 санат | ондық | 469 теңге | 90 күнтізбелік күн |
| 2. | Күнбағыс майы | литр | 647 теңге | күнтізбелік күн |

**ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!**

«Астана-Теплотранзит» АҚ жылу магистральдарын тығыздылыққа гидравликалық сынауларды дайындауға және өткізуге байланысты 2021 жылғы 07-11 маусым аралығында Есіл және Алматы аудандарында ыстық судың берілуі тоқтатылатынын хабарлайды.

Анықтама алу үшін «iКомек 109» БКО – 771200, «Астана-Теплотранзит» АҚ – 771211, 798897, 771292 телефондарына хабарласыңыз.

Ақпарат «Астана-Теплотранзит» АҚ-тың www.a-tranzit.kz сайтындағы «Тұтынушылардың назарына» деген айдарда орналастырылған.

Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (МАЭС) 27.05.2021 жылғы нұсқамасымен, «Спектр-2050» ЖШС БСН 140940009013 ұйымының банкроттығы туралы ісі қозғалды, заңды мекенжайы: ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Сембинов көшесі, 9-үй, 32-кеңсе.

**Құрметті қала тұрғындары мен қонақтары!**

«Столичная дезинфекция» ЖШС 25.05.2021 жылдан бастап Нұр-Сұлтан қ. таяз су айдындарында және ашық стансаларда маса-шіркейлерді жою жұмыстары басталатынын хабарлайды.

# КӨРЕРМЕН КӨҢІЛІНЕ ЖОЛ ТАПҚАН

**Елордамызда жыл сайын жастар театрының саны артуда. Солардың бірі – Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры. Бұл орта кілең талантты әртістерден құралған. Солардың бірі – жас та болса көрермен жүрегіне жол тауып жүрген Әли Бидахмет. Қазақстанның шығысында туып, оңтүстігінде шыңдалған өнер иесі бүгінде ел астанасында еңбек етуде.**

Әли Бидахметті қалың көрермен «Театр 180» қойылымындағы Тим рөлімен, «Мерекелік мейірбейгі» – Бернард, «Чарлидің әпкесіндегі» – Брассет, У.Шекспирдің «Ричард» реквиеміндегі – герцог Бекингем, М.Мақатаевтың «Қош, махаббатындағы» – Айбар, «Қыз Жібектегі» – Төлеген, М.Әуезовтің «Жас Абайындағы» Оспан рөлдері арқылы таниды. Ол – сонымен қатар Р.Киплингтің «Маугли» ертегісінің қоюшы-режиссері. Өмірін өнерге арнаған Әли бұл театрда көптеген рөлдерді ойнап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп келеді. Ол колледж қабырғасында оқып жүріп Бәйтен Омаров атындағы театр фестиваліне қатысып, «Қара шекпен» қойылымымен гран-при иеленсе, 2017 жылы XX халықаралық «Шабыт» шығармашылық жастар фестивалінде «Актер шеберлігі» номинациясы бойынша Шәкен Айманов атындағы арнайы дипломмен марапатталды. Ал 2019 жылы Мәскеуде өткен Антон Чехов атындағы көркем сөз оқуларында «Маска» шығармасымен III орынды иеленді. «Театр сахнасында сомдаған рөлдерімнің барлығы өзіме ұнайды. Бастысы бір-біріне аса қатты ұқсамайды» дейді ол.

Оның өз-өзіне деген сенімділігі, жарқын жүзі, әрқашан күлімдеп тұратын көздері актер болуға жаралған адам ретінде көрсетеді. Мақаланы жазу барысында актердің өмірге құштарлығын, позитивті, жайдары образын байқадым.

– 2016 жылы студенттік шақта бізде театр ашамыз деген арман болды. Актер шеберлігінен ойнаған үзінділеріміздің өзі бір спектакль болатын. Бас-басымызда бірнеше рөлден өзімізді тура театр актеріндей сезініп жүрдік. Халқымыздың біртуар перзенті Ә.Мәмбетов есімін иеленіп, «Әзірбайжан Мәмбетов атындағы театр лабораториясы» деп айтып жүрдік. Уақыт өте келе оқу аяқталуға жақындаған сайын арманымыз орындалса екен деп тіледік. Осы бір тұста армандардың орындалатынына көзім жетті. Арман орындалу үшін адамға ниетінің оң болуы және сол арманға деген үлкен сенім қажет екен. Бәрі орындалды. Оқу бітіріп біз театр болып ашылдық.Театрымыз басында Nomad деп аталып жүрді. Ал 2020 жылы театрымызға Әзірбайжан Мәмбетовтің есімі берілді, – дейді кейіпкеріміз.

Әли Бидахметтің айтуынша, кино мен театрдың түп қазығы – драматургия. Екеуінде де актерлер ойнайды. Бірақ кинодан айырмашылығы – театрда көрермен деген құдірет иесі бар. Көрермен сені қолпаштап отырады, қолдап, жылап, күліп отырады. Бұл – актер үшін үлкен қолдау, үлкен демеу. Онсыз актер ойнай алмайды. Ал кино деген – техникалық дүние, мұнда камера, жарық, монтаж, трюк, компьютерлік графика бар. Кино мен театр бір-бірімен егіз. «Менің ойымша, киноға театр арқылы келген дұрыс. Театрда үлкен мектеп қалыптасады. Әр нәрсенің өзінің іргетасы болуы керек. Кез келген мамандыққа келерде маманның негізі қалану керек. Киноға апарар жолдың негізін театр қалыптастырады деп санаймын. Тарихта аты қалған танымал актерлердің көбі өнер жолын театрдан бастаған. Болашақта, мүмкіндік болып жатса, көрермендерім мені кинодан да көре жатар» деді ол.



Сахна – адамдарды тәрбиелейтін, биік рухани сипат қалыптастыратын орын. Театр Қазақстанның болашағы, мәдениетті де қабілетті жастар тәрбиелеуге үлкен ықпалын тигізетін өнер ошағы, шығармашылықтың қара шаңырағы екені айтпаса да түсінікті. «Театрда әр рөлге кемінде 1 ай дайындық жасаймыз. Көп уақыт дайындаламыз. Ізденуге, зерттеуге уақыт беріледі. Егер зерттемей ойнаймын деген ой болса, онда образ ашылмауы мүмкін. Актерге қойылатын басты талап – образды алып шығу. Аға буынымыз образға кіріп кеттім дегеннен аулақ болу керек дейді. Образға кіріп кетті дегеннен гөрі көрермен ойнап шыққан рөлімізді бағалап, сәтті шығыпты дегені дұрысырақ. Сол жолда аянбай тер төгіп келемін. Сондықтан өзіме берілген образдарды сапалы әрі жоғары деңгейде орындап шығуға тырысамын» деп сөзін аяқтады Әли Бидахмет.

Иә, театр әлемі әркімді де құшақ жая қарсы ала бермейді. Театрға әр әртіс адал еңбек, маңдай терімен жол табады. Біз бүгін Әлидің театрдағы алғашқы ізденістері жайлы ой өрбіттік. Жас әртістің болашағынан күтер үмітіміз де үлкен.

**Сая МҰРАТҚЫЗЫ,**
**Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті**

# САЯБАҚТА ОРЫНДАЛҒАН СИМФОНИЯ

**Тұңғыш Президент саябағында Мемлекеттік академиялық филармонияның симфониялық оркестрінің концерті өтті.**

Концерт бағдарламасында әлемдік классика жауһарлары орындалды. Атап айтсақ, Ж.Бизенің «Кармен» және Дж.Россинидің «Вильгельм Тель» операларынан увертюралар, ағылшын композиторы Э.Элгардың романтикалық пьесасы – Salut d'Amour, флейтаға арналған туындылар, И.Бахтың си минор сюитасынан алынған «Шутка», гобой авторы Э.Морриконенің «Габриэль гобойы», Л.Миранданың «Моана» мультипликациялық фильмінің саундтрегі тыңдармандарға ұсынылды.

Концертке Brasswood quintet брасс-квинтеті де қатысты. Оның құрамында: трубада Әлихан Жиганшин мен Абзал Середа, валторнада Нұрислам Даурбай, тромбонда Жігер Уәкіл, тубада Біржан Бақдәулет өз өнерлерін көрсетті. Музыкалық мәдениеттің үздік дәстүрлерін сақтау үшін симфониялық оркестр К.Сталлинг, Л.Армстронг, Дж.Холкомба шығармаларын орындады. Кеш Иоганн Штраустың атақты «Радецкий маршы» шығармасымен аяқталды. Елордалық филармонияның симфониялық оркестрі өзінің шеберлігін үнемі жетілдіріп, қол жеткізген жетістіктерімен тоқтап қалмай, белсенді концерттік қызмет атқаруда.

# БАЛАЛАРҒА – БАЗАРЛЫҚ

**Музыкалық жас көрермен театры Халықаралық балаларды қорғау күніне орай жас көрермен назарына «Күлше қыз» музыкалық ертегісін тарту етті. Ал кеше қайырымдылық мақсатында М.Әуезовтің «Абай–Тоғжан» музыкалық драмасын қойды.**

«Күлше қыз» музыкалық ертегісі орыс драматургы Евгений Щварц пен композитор Антонио Спадавеккианың «Золушка» атты ертегісінің желісінен алынған. Шығарманы қазақ тіліне аударған – Есім Сегізбаев. Ертегінің қоюшы-режиссері – «Сахнагер-2019» ұлттық театр сыйлығының иегері, Музыкалық жас көрермен театрының актері әрі режиссері Расул Усманов. «Абай-Тоғжан» музыкалық драмасын Нұр-Сұлтан қаласында тұратын қызметтік борышын орындау кезінде қаза тапқан ішкі істер органы қызметкерлерінің жесірлері мен балалары тамашалады. Сондай-ақ, Ішкі істер министрлігінің орталық аппараты, Ұлттық ұлан және Нұр-Сұлтан қаласының Ішкі істер департаменті қызметкерлері де көрді.

Балалар Канн кинофестивалінің лауреаты Самал Еслямова және «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаттары Аян Өтепберген мен Асылхан Төлеповпен танысуға мүмкіндік алды. Қойылым соңында жеткіншектерге Димаш Құдайбергеннің қолы қойылған плакаттар, кітаптар мен естелік сыйлықтар, тәттілер, шығармашылығын дамытуға арналған керекті құралдар берілді.

Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық музыкалық драма театры «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы қызметкерлері балаларына Э.Хушвактовтың «Қызыл алма» лирикалық комедиясының арнайы көрсетілімін ұйымдастырды.



# КІТАПХАНА – АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА

**Балаларды қорғау күніне орай «Ашық аспан астындағы кітапхана» шарасы өтті. Жиынға Қазақстан Жазушылар одағы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының төрағасы Дәулеткерей Кәпұлы, балалар жазушысы Толымбек Әбдірайым мен ақын Серікбол Хасан қатысты.**

Дәулеткерей Кәпұлы бұл Мәдениет және спорт министрлігі жариялаған биылғы балалар әдебиеті жылындағы атқарылар қомақты істің алғышарты екенін айта келе, кітап оқуды насихаттау, зияткерлік әлеуетті арттыру бағытындағы жұмыстардың жалғаса беретінін жеткізді.

Мерекеде балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында №5 қалалық балалар кітапханасы мен «Фолиант» баспасы балаларға арналған кітап жәрмеңкесін өткізді. Кітапхана әр жұма сайын ашық аспан астында жұмыс істей береді. Сондай-ақ қаламгерлермен кездесу өткізіп, оқырмандарды тарту жоспары бар.

Байқоңыр ауданы әкімі аппаратының бастамасымен ұйымдастырылған іс-шара алдағы жаз маусымында әр демалыс күндері жалғасын таппақ. Ондағы мақсат – жазғы демалыс кезінде оқушыларды, студенттерді және аудан тұрғындарын оқуға тарту, уақыттарын тиімді өткізу, саябақта жүрген демалушыларға ақпарат ұсыну, сонымен қатар кітапханаға тұрақты оқырман ретінде жазылуға мүмкіндік жасау. Қаламгерлер аллеясында аспан астындағы кітапханада көбіне балаларға арналған әдебиеттер, әйгілі жазушылардың поэмалары, шығармалары қойылады.

**Айымгүл БАҒДАТ,**
**Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті**

# ЦИФРЛЫҚ БЕЙНЕСТУДИЯ АШЫЛДЫ

**С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде цифрлық телевизиялық студия ашылды.**

Сандық студия университеттің цифрландыру жол картасына сәйкес жүзеге асырылды. Студия ақпараттық бейнепрезентацияларды көрсетуге, онлайн-дәрістерді жүргізуге және веб-конференциялар өткізуге арналған. Цифрлық студия шу мен жарықтан оқшаулауына ие және сенсорлық тақта, бейнекамера, телесуфлер, мультимедиялық планшет, жарық шамдарымен жабдықталған.

Бейнестудияда оқытушы дәрісін өткізуге қолайлы жағдай жасалған. Спикерлер 3D графикасы, браузер бойынша шолу, карта, мәтін бейнені жазу әдістерін қолдана алады. Сонымен қатар спикер өзі дайындаған презентациясын қосып, сенсорлық тақтаға жазу арқылы YouTube, Google қосымшалары арқылы қосымша ақпаратты бейнеге шығару мүмкіндігі бар.

**Диана БАТЫРБЕК,**
**Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті**

# «ҰЛЫҚ ҰЛЫС» – ҰЛТТЫҚ МУЗЕЙДЕ

**Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Ұлық Ұлыс» залы ашылды. Осы арқылы Алтын орда мемлекеті мен Қазақ хандығының тікелей сабақтастығын көрсету, олардың өзара байланысы мен тарихын насихаттау көзделіп отыр.**



Музей Ұлық Ұлыс мемлекетінің мұрагері қазақ халқы екенін этникалық, генетикалық, антропологиялық және географиялық деректермен көрсетпек. Келушілердің назарына шетел мұрағаттарынан табылған хандар жазбаларының көшірмесі, мемлекеттің рәмізі болған туы, тарихи құнды құжаттар және өзге де жәдігерлер ұсынылады. «Ұлық Ұлыс мемлекеті қазақтың тарихы ғана емес. Бұл сол империядағы бірге болған ноғайлар, қарақалпақтар, татарлар, Қырым татарларының да тарихы. Солар Қазақстанға келгенде біздің ортақ тарихымызды көру керек. Бұл – біздің ортақ тарихымыз» дейді салтанатты рәсімге қатысқан Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғалиұлы.

www.astana-akshamy.kz
Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Ержан ЖҮНІСОВ**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Апталық таралымы – 15 000
**Тапсырыс №64**
Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «KOMEK INV» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-61
Жарнама: 70-33-06

**astana.akshamy@mail.ru**

Кезекші редактор – **Көктем ҚАРҚЫН**